ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№48 (3373) 18 маусым 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҮЛІНГЕН ТАҒДЫРДЫ БҮТІНДЕУ ҚИЫН

Бүгінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың небір түрі орын алуда. Әсіресе, зорлау оқиғалары тым жиілеп кетті. Тек былтырдың өзінде елімізде осындай 199 оқиға тіркеліпті. Мұның сыртында назардан тыс қалғаның да аз емес екенін бағамдау қиын емес. Өйткені, мамандардың айтуынша, осындай жантүршігерік оқиғалардың жетпіс пайыздан астамында балалар үйінде, өз жақындары тарапынан зорлыққа ұшырайды екен. Педофилдерді қатаң тәртіптегі колонияда ұстау, олардың мерзімінен бұрын бостандыққа шығуына жол бермеу мәселесі толық реттеледі.

(Соңы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІСТЕР КӘСІПОДАҚ БАҚЫЛАУЫНДА

6-бет

ҚҰЖАТТАҒЫ ҚОЙЫРТПАҚ ата-тегімізді қалай жазамыз?

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Еренғайып ОМАРОВ, ***«Қайнар» университетінің ректоры, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик:***

«ТАРИХЫ БАР ЕЛ – ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ»

Тәуелсіздік жылдары тарих және мәдениеттану саласында «қазақ өркениеті» жайлы түсініктер қалыптаса бастады. Бұл тұрғыда осы ілім мәселесінде ой қозғап, пікір білдіріп жүрген ғалымдардың бірқатар еңбегі жарияланды. Осыған орай «Қазақ өркениетінің негізі» деп аталатын кітаптың авторы, «Қайнар» университетінің ректоры, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті Еренғайып ОМАРОВ мырзамен сұхбаттасқан едік.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

ІШКІ НАРЫҚ РЕТТЕЛМЕСЕ БАҒА ТҰРАҚТАНБАЙДЫ

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНЕ ҚАРАҒАНДА, БЫЛТЫР ЕЛІМІЗДЕ 4 МЛН ТОННАДАН АСТАМ КАРТОП ЖИНАЛҒАН. ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІН ТҰТЫНУ НОРМАСЫ БОЙЫНША БҰЛ ІШКІ НАРЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖЕТКІЛІКТІ ӨНІМ. АЛАЙДА, ОНЫҢ ҚАНШАСЫ АЗЫҚТЫҚ ТҰТЫНУҒА ЖҰМСАЛЫП, ҚАНШАСЫ ТҰҚЫМҒА ҚАЛДЫРЫЛҒАНЫН ЖӘНЕ ҚАНШАСЫ ЭКСПОРТТАЛҒАНЫН ӨТКЕН АПТАҒА ДЕЙІН ЕШКІМ АЙТА АЛМАДЫ. ЕСЕСІНЕ, НАРЫҚТА КАРТОП БАҒАСЫ БІРҚАТАР САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖЕЛІСІНДЕ 400 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ЖЕТІП, ОЛ ЖҰРТШЫЛЫҚ АРАСЫНДА ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАНҒАН ТАҚЫРЫПТЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП, ҮКІМЕТКЕ ДЕЙІН ЖЕТТІ.

Мәселен, 10 маусымдағы Үкімет отырысында Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды ұстап тұру мәселелері бойынша баяндамасында «картоп бойынша, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес отандық өндіріс ішкі тұтынуды 108% қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, картоптың тауарлық өндірісінің көлемі бар болғаны 2 млн тоннаны немесе жалпы түсімнің 47 % құрайды. Қалған көлемі тауар айналымына жүйелі түрде қатыспайды. Ол халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі. Сонымен қатар, өткен жылы экспорт 360 мың тонна көлемінде рекордтық мәнді құрады. Осылайша, картоп экспортының үлесі 19% құрайды, бұл нарық тапшылығына әкеледі. Осыған орай, маусымаралық уақытта картопты импорттау қажеттілігі туындады. Бұл жағдай жылдан жылға қайталанып келеді. Бірақ Ауыл шаруашылығы министрлігі осы мәселені жүйелі шешуге тырысқанымен, жергілікті атқарушы органдар аталған проблеманы жою бойынша тиісті шаралар қабылдамай келеді. Сондай-ақ, былтыр картоп экспортына тыйым салу арқылы ғана баға тұрақтандырылғанын, ал биыл төмен бағамен экспортталған (69 мың тонна) отандық өнім қорлардың 3 есе қысқаруына әсер еткенін (903 мың тоннадан 330 мың тоннаға дейін) айтты. Бұл теңгерімсіздікті толтыру үшін Иран мен Пәкістаннан 28 мың тонна қымбат импорттық картоп сатып алынғанымен, оның бағасы отандық картопқа қарағанда үш есе қымбат. Жалпы, 4 айда картоп импорты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 67 есе өсіп, жыл басынан бері импорт бағасы 47% жоғарылады.

(Соңы 3-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҰШЫРАҒАН БАЛАЛАР ҮШІН АРНАЙЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК ПЕ?

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық деректері қоғам назарын өзіне ерекше аудара бастады. Жұртшылық қылмыстың бұл түрін қатаң айыптап, қылмыскерлерге қолданылатын жаза түрін қатайтуды талап еткенімен, мәселе жазалаумен ғана шешілмейтіні айқын көрініп отыр. Енді арнайы оңалту орталығы қажет деп жүргендер бар. Бұл туралы қоғам өкілдерінің пікірі қандай?

Гүлшат КЕБЕКБАЕВА, ***Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылындағы Қ.Байғабылов атындағы орта мектептің мұғалімі:***

– Мектеп жасындағы балалармен жұмыс істейтін білім беру ұйымының қызметкері ретінде ғана емес, ата-ана ретінде де бұл мәселе мені қатты алаңдатады. Бұрын үлкендер мұндай жағдайда жамандық шақырма деп, ол туралы көп айтқызбайтын. Бүгінде бәрі керісінше әлеуметтік желілер мен интернет сайттарда ең көп оқылатын жаңалық ретінде БАҚ өкілдері жаман хабарды сүйіншілегендей жарыса жазатын боп алды. Сіздер де зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар үшін арнайы оңалту орталығын ашу керек пе деп отырсыздар. Меніңше бұл да зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың жан жарасын толықтай жаза алмайды.

Құнанбай МҰСАЕВ, ***Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:***

–Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға қатысты істерді негізінен ювеналдық соттар қарайды. Ал жеке өзімнің пікірімді білгіңіз келсе, қандай нәрсе болмасын оны шектеген сайын ол азаюдың орнына өрши береді, оны өзіңіз де байқап жүрген шығарсыз. Қазір ЛГБТ деген шығып жатыр ғой. Жалпы, өзінің жынысын өзгерткен не жас балаларға көз алартатын, не соған икемі бар адамдардың бәрінің мәселесі түпсанаға келіп тіреледі. Соны түзетпей, оның бер жағындағы оңалту орталықтарын ашумен мәселе шешілмейді. Түрмеге қамағанмен қылмыскер азайған жоқ. Сондықтан оған түрткі болған не, себебі неде дегеннің шешімін таппай, айтылған, жазылған нәрсенің бәрі бос сөз боп қалуы мүмкін.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – СОТ РЕФОРМАСЫНЫҢ ЖЕМІСІ

Қазақстанның құқықтық кеңістігіне әкімшілік әділет жүйесінің енгізілуі – тарихи өзгеріс. Бұл сот саласындағы іргелі реформалардың лайықты жүзеге асқанының, ілкімді істердің қолданысқа енгізілгенінің нақты дәлелі болса керек.

Әкімшілік әділеттің барлық құқықтық негізі шілде айынан бастап тәжірибеге қосылғалы отырған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте қарастырылған. Маңызды құжат Қазақстандағы жаңа мемлекеттік басқару құралы ретінде бағалануда. Бүгінде кодекстің мақсаты мен мәнін, жаңа жұмыс бастағалы отырған 21 әкімшілік соттың маңызын түсіндіру бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынуда.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауда берген тапсырмасы бойынша дайындалды. Жоғарғы Сот пен Әділет министрлігі бірлесе отырып жазған бұл құжатта әкімшілік әділетте үздік нәтижелерге қол жеткізген өркениетті елдердің жұмыс тәжірибелері басшылыққа алынды. Соның ішінде, жария-құқықтық дауларда азаматтар мүддесін басты орынға қоятын Германия елінің үлгісі біздің заңнама талаптарына біртабан жақын.

Қазір жаңа заңнама шеңберінде жұмыс істейтін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың материалдық-техникалық жағдайын шешіп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша қызмет ететін судьяларды салаға машықтандыру, бейімдеу жұмыстары жүргізілуде. Енді тәжірибеге енгізілгелі отырған соттарды бақылап, жұмысына сын көзбен қарайтын жандардың аз болмасы түсінікі. Сондықтан бұл соттарды ұйымдастыру, судьялардың жұмысын пысықтау бағытындағы іс-шараларға жіті назар аударылып, толық реттелуі керек. Жаңа соттар алғашқы қадамынан-ақ халықтың сенімінен шығатындай, елдің үмітін еселейтіндей көрсеткіштерімен көңілден нық орын алуы тиіс. Соған орай, республикамыздың түкпір-түкпірінен ісін бастағалы отырған 21 әкімшілік сотқа тек сот саласында терең тәжірибесі бар, білікті, кәсіби қабілеті жоғары мамандардың іріктелетіні түсінікті. Әрі судьяларды Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясында оқыту, тәжірибесін шыңдау алдағы кезеңде өзінің оң нәтижесін берері күмәнсіз.

Жаңадан құрылатын мамандандырылған әкімшілік соттар талап қоюшылардың құқығын жан-жақты қорғауды қамтамасыз етіп, әкімшілік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті болдырмау бағытындағы қызметті жүзеге асырады. Бұған дейін әкімшілік органдардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне қатысты даулардың көп болғаны рас. Бірақ соның көпшілігі азаматтардың мүмкіндігінің жоқтығынан, ең бастысы өз құқығының қорғаларына сенбеудің салдарынан сотқа жетпей, орта жолда қалатын. Ал әкімшілік әділет жүйесі мен жаңа соттардың құрылуы осы олқылықтардың барлығының оң шешілуіне көмектеседі.

Сұлушаш МАХАМБЕТОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ЖАҚСЫ ҮРДІС ҮЗІЛМЕЙДІ

Жұлдыз ЖАКЕЕВА,
Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы

Жолдау – жолбасшымыз. Бұл құжат кез келген саланың жұмысын жүйелеп, алдағы дамуына сарабдал бағдар белгілеуімен құнды. Стратегиялық бағдарлама саналатын жолдаудың елдегі реформалардың өзегі екені де бәріне түсінікті. Былтырғы жылғы жолдауда да Қазақстанды өркениетті елдер көшіне ілестіруге серпін беретін тапсырмалар ұсынылған. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген тақырыппен таныстырылған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті жолдауында құқық қорғау, сот саласының сапалы қызмет етуіне көмектесетін тетіктер сегізінші бөлімге топтастырылып берілген болатын.

«Әділетті мемлекет азаматтардың мүддесін қорғау жолында» деп аталатын арнайы бөлімде сот жүйесін жандандыруға, үшінші биліктің жұмыс сапасын көтеруге мүмкіндік беретін тапсырмалар топтастырылған. Сот саласына биік міндеттер жүктеген Президенттің осы арқылы билік пен азаматтар арасындағы ашық диалогқа, өзара түсініскікке жол ашуды көздегенін бағамдау қиын емес.

Міне, құжаттың да қолданыста келе жатқанына жылға жуық уақыт өтті. Осы аралықта Президент тапсырмалары қалай орындалды, көрсетілген мәселелер өз шешімін тапты ма?

Өз жолдауында Президент: «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы,– деп атап көрсетті. Яғни, бұл жолдаудың өзегіне айналған Халық үніне құлақ асатын мемлекетке жетудің басты тетігі – әділетті қоғам, құқықтық жақтан қорғалған орта, қауіпсіз ел қалыптастыруға тікелей байланысты. Ол үшін не істеу керек? Мемлекеттің басқа құрылымдары секілді сот саласы да халықпен үндестікте өмір сүруі, мәселені тыңғылықты тыңдап, көріп қоймай, дұрыс және әділ шешім шығаруы қажет.

Мемлекет басшысы «Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды» екенін де ерекше атады. Расында заңдарды жиі өзгертудің кері әсері аз емес. Бұл заңнама дайындаудағы шала істі ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге, сот жұмысында да біркелкі тәжірибе қалыптастыруда қиындық тудырады. Мұның бәрі өз кезегінде халықтың заңға, заң арқылы билікке деген сенімін төмендетеді. Сондықтан, Қызылорда облысының соттарында кез келген жаңа заңды түсіндіру, халықтың құқықтық сауатын көтеру бағытындағы шаралар тұрақты өткізіледі. Төраға, судьялардың қоғамдық қабылдаулар ұйымдастыруы дәстүрге айналған. Осындай жүздесулер сала жұмысының қиындығы мен түйткілдерін көруге, кемшіліктерді дер кезінде жоюға, ең бастысы, халықтың сенімін нығайтуға игі әсерін тигізеді.

«Сот жүйесі ешкімге есік ашпайтын меңіреу мекемеге айналмауға тиіс» деді Президент. Бұл міндет бірнеше жылдан бері қазақстандық соттың басты назарында тұр. Соның арқасында қазір ашықтық, жариялылық, жеделдік принциптері бойынша сот құрылымы көш басында тұр. Қызылорда облысындағы соттардың барлығының жұмысы алақандағыдай айқын. Әлеуметтік желілерді ең белсенді қолданатын да судьялар мен сот қызметкерлері екенін көзіқарақты халық жақсы аңғарса керек. Бүгінде соттарға уатсап желісі арқылы тікелей сауалын жолдап, хабарласуға жол ашылған. Сонымен бірге әлеуметтік желілерде тікелей желілер ұйымдастырылып, елдің үнін естіп, сауалына жауап беру ісі де бір жүйеге түсті.

Жолдаудағы сот корпусына сапалы кадрларды іріктеу бойынша берілген тапсырма да өз шешімін тапты. Жоғары сот кеңесі мен Жоғарғы сот кәсіпқой кадрларды сот төрелігіне тартуда белсенді жұмыс жүргізуде. Судьяларды іріктеуде бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі зор. Қызылорда өңірінің журналистері де сот жұмысына белсене араласып, үміткерлерді іріктеуге барынша атсалысып келеді.

Президенттің бұл жолдауда медиацияға мән бергені де белгілі. Осы уақытқа дейін медиация заңын насихаттау, медиаторларға қолдау көрсету, дау-дамайды балама тәсілдер арқылы реттеуге белсенді қатысып, жанашырлықпен жұмыс істеген соттан басқа ешбір құрылым болмады. Мұны Президент те аңғарған. Дәл осы медиативтік келісімдер бойынша Қызылорда соттарының да қол жеткізген жетістіктері аз емес. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңірімізде тараптарды татуластыру, медиациялық келісімге келу деректері жыл өткен сайын көбеюде. Бұл үрдіс алдағы уақытта да үзілмейді.

КӨЗҚАРАС

АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІ ТЕГІН

Соттағы аудармашы қызметінің маңызы зор. Аудармашы – сот отырысындағы әр тілде сөйлейтін адамдарды байланыстырушы. Оның шеберлігіне, жауаптылығына, дәлдігіне қарай сот процесі де өз деңгейінде, еш кедергісіз өтеді. Еліміздегі Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық іс бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Осы құжатта сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі қолданылатыны бекітілген. Сонымен бірге заңда белгіленген жағдайда сот отырыстарын өткізуде басқа тілдер де қолданылады. Соттың тіліне қатысты қағида нақтыланғанымен, азаматтарға өз құқығын қай тілде қорғау керектігі бойынша нұсқама беру мүмкін емес. Әркім сотқа өзі жетік білетін, сөз мәнін толық түсінетін, ойындағысын кедергісіз жеткізе алатын тілде талап арыз беріп, құқығын қорғауға құқылы. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес сот ісін жүргізу сотқа талап қою арызы берілген тілде жүзеге асырылады.

Алайда, сот процесіне қатысатын екі тараптың бірі талап арыз түскен тілді білмеуі немесе оның адвокатының процесте таңдалған тілді жетік түсінбеуі мүмкін. Кей жағдайда куәгерлерге де, сарапшыларға да сот ісін жүргізу тілінде түсінісу, сөйлесу қиындық туғызып жатады. Осындай жағдайларды ескере келе іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысатын адамдарға сотта ана тілін немесе өзі білетін басқа да тілді пайдалану құқығы берілген. Сонымен бірге мұндай адамдардың аудармашының қызметін пайдалануына толық мүмкіндік бар. Ең бастысы, соттағы аудармашы қызметі тегін қамтамасыз етіледі.

Яғни, сот ісінде аудармашы маңызды қызмет атқарады. 2020 жылдың 10 маусымында ел Президенті қол қойған «Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында аудармашы қызметіне қатысты елеулі өзгеріс қарастырылған. Мұнда сот талқылауына қатысушыларға заңнамалық талаптарды күшейту үшін аудармашының процестік тұлғасы енгізілген.

Азаматтық процестік кодекстің 56-4-бабына сәйкес, егер іске қатысатын адам, сондай-ақ куә, сарапшы, маман іс жүргізіліп жатқан тілді білмеген жағдайда аудармашы көмегіне жүгінеді. Сондай-ақ, аудармашы жазбаша құжаттарды аударып, істің сапалы қаралуына, түсінбеушіліктің орын алмауына жауапты болады. Ол үшін сот процесіне қажетті тілдерді меңгерген және іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады. Аудармашы тағайындау туралы төрағалық етуші хаттамалық ұйғарым шығарады. АПК-нің 56-бабында аудармашының құқықтары мен міндеттері де жан-жақты белгіленген.

Соттағы білікті аудармашылардың шоғырын қалыптастыру бағытында әлі де көп жұмыс жүргізілуі керек. Себебі сот отырысына қатысатын аудармашылардың барлығы бірдей сот ісін тәржімалауға қабілетті емес. Көпшілігі сөзбе-сөз аударма жасауға қиналады. Кейбірі заң терминдерін білмегендіктен, жедел аударғанда қателікке жол береді. Сондықтан сот аудармашыларын дайындау, біліктілігін көтеру бағытындағы кешенді жұмыстар үнемі ұйымдастырылып отыруы тиіс.

Аудармашылар әртүрлі. Ғылыми мәтінмен айналысатындар, іс-қағаздарындағы мәтінді аударатындар, көркем шығарма аударатын аудармашылар бар. Олардың да деңгейі бірдей дей алмаймыз. Өкінішке орай, олардың деңгейін анықтап, қабілет-қарымын көрсетіп беретін арнайы ұйымдар жоқ. Бұл сот ісіне аудармашылар таңдағанда қиындық тудырады. Аудармашының білім деңгейін білмей іске қатыстырудың залалы аз емес. Сондай-ақ, аудармашыларға төленетін ақы да төмен. Бұл да өз кезегінде сот ісіне мықты мамандардың келуіне кедергі. Көптеген Еуропа елдерінде аудармашы өзі аударған мәтіннің авторы болып есептеліп, мәтін үшін құқықтық жағынан толық жауапты болады. Осы мәселені де алдағы уақытта заңдық тұрғыда реттеу маңызды.

С.БАЙМАКУЛОВА,
Медеу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

СЕНІМ – ЖОҒАРЫ САПА КӨРСЕТКІШІ

Қоғамның талабы, елдің үні ескерілген құжаттардың болашағы зор. Мұндай заңнамалар азаматтардың сенімін нығайтады. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халық сенімі – кез келген құрылымның жұмыс сапасының басты көрсеткіші екенін дәл аңғарған. Міне осындай қарапайым жұртшылықтың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғап, сенімді нығайтуға мүмкіндік беретін жаңа заң санаулы уақыттан кейін тәжірибеге енгізілмек. Президент тапсырмасы бойынша дайындалған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бұған дейін қолданыста болған «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдардың күшін жойды.

Бұл құжаттың қоғамға берері көп. Мәселен, осы уақытқа дейін мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын даулар жалпы немесе арнайы экономикалық соттарда қаралғаны мәлім. Жаңа кодекс осы қалыптасқан үрдіске өзгеріс енгізбек. Соған орай, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс тәжірибеге енгізілетін 1 шілдеден бастап жария-құқықтық даулар жаңадан құрылып жатқан мамандандырылған әкімшілік соттарда қаралады. Бұл өз кезегінде қазақстандық сотта жаңа мамандандырылған соттар, жаңа салаға бейімделген судьялар шоғырының қалыптасуына жол ашпақ.

Кодекс негізінен мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Мұндағы басты қағидаттар да көпшілік көңілінен шығары анық.

Мәселен, әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі бекітілді. Бұл істің әділ, сапалы қаралуына көмектеседі. Өйткені, тараптардың істің мән-жайын толық ашатын дәлел, дәйектерді сұратуға, талап етуге құқықтық сауаты, мүмкіндігі болмайды. Ал даулы сырттан бақылаған судьяға әділдікке қол жеткізу үшін дәлел, айғақ, анықтама, құжаттардағы кемшін тұстары бірден көрініп тұрады. Кодекстегі құзыретін пайдаланған судья енді қатысушылардың түсініктемелерімен, мәлімдемелерімен, олар ұсынған дәлелдемелермен және істің өзге де материалдарымен шектелмей, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеуге мүмкіндік алды. Сонымен бірге ол өз бастамасы немесе процеске қатысушының өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен айғақ заттарды жинап, тараптардан анықтама, қосымша дәлелдер талап ете алады.

Бұдан бөлек кодексте «Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу», заңдылық және әділдік қағидаттары, құқықтар басымдығы, сенім құқығын қорғау қағидаттары қарастырылған. Бұл қағидаттардың әрқайсысы әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуға, шектеуге, тоқтатуға тыйым салып, өз міндетін талапқа сай атқаруды міндеттейді. Жалпы, әкімшілік әділеттің өзі мемлекеттік органдар жұмысын жандандыруға, азаматтарға сапалы қызмет алу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыдағы қағидаттар құзырлы орындар қызметін жандандыруға барынша ықпал етеді.

Кодексте мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы, азаматтың кінәсіздік презумпциясы басты орынға қойылған. Яғни, енді жария-құқықтық дауларда өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу жеке азаматтарға емес, мемлекеттік органға міндеттеліп отыр. Бұрын осындай мүмкіндіктің жоқтығынан азаматтар мемлекеттік органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданудан именетін. Ал жаңа заңнама азаматтардың өзіне, өз құқығының толық қорғаларына сенімін арттырды.

Маржан СҰРАНЧИЕВА,
Әуезов аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҮЛІНГЕН ТАҒДЫРДЫ БҮТІНДЕУ ҚИЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл шара азғындық ойдағы жүгенсіздерді тәубесіне келтіріп, мұндай әрекетке баруын белгілі деңгейде шектер. Алайда, оның барлығы осындай әрекеттің құрбаны болған балалардың жан жарасын жазбайтыны анық.

Мамандар, зорланған бала тұрмақ, отбасында таяқ жеген немесе ата-анасы ажырасып кеткен, болмаса, үйіндегі ұрыс-керіс жұртқа белгілі болып қалған балалардың өте қиын жағдайда қалатынын айтады. Олар мектепке барғысы келмей, достарымен араласудан қашып, оқшаулана беретін көрінеді. Мұндай балалар тіпті өз-өзіне қол салуға дейін барады екен. Сонда бұл балалардан жанына түскен жарақаты пәлен есе артық жыныстық зорлыққа түскен жеткіншектердің халі нешік? Негізінде ондай балалар кем дегенде 3 ай оңалту шарасынан өтіп, өмірін қайта бастауға бейімделуі керек. Ал жалпы, бұл кезең бір жарым жылға созылуы тиіс. Бұл әлемдік тәжірибе. Англия мен Норвегияда мәселен, зорлық-зомбылықтың қандай түріне болмасын ұшыраған бала осындай оңалту курсынан өтеді. Психолог, әлеуметтік қызметкер, педагог, дәрігер, заңгер қашанда қасынан табылып, өз тілінде мұң-зарын тыңдап, өз тілінде кеңес береді. Бұл жөнінде Ақтау қаласындағы «Мейірім» қоғамдық бірлестігінің төрағасы **Александр Муханың** айтуынша, осындай ұйым аталмыш шахарда болған. Норвегия, Англия сапарында жинақтаған мамандар тәжірибесі негізінде құрылып, жұмыс істеп тұрған сол орталық қалалық білім беру басқармасының қарамағына көшкеннен соң жұмысын тоқтатқан. Өйткені, қаладағы жеткіншектермен жұмыс істеу комиссиясы, ювеналдық сот қызметкерлері балаларға қатысты оңалту, бейімдеу шаралары бойынша психологиялық кеңес кеңсесіне жүгінеді екен. Онда Александрдан өзге әлеуметтік қызметкер және бір психолог жұмыс істейді.

– Біз өздері жүгінген адамдарға ғана кеңес берумен шұғылданамыз. Оңалту, бейімдеу шараларын жүргізе алмаймыз. Мұндай жұмыс жасалу үшін толыққанды орталық болу керек. Онда балалар өз үйінде жүргендей сезініп, барлық мамандардың қолдауын иеленуі керек. Бізге мұндай орталық ашу былай тұрсын, өз кеңсеміз орналасқан мекенжайдың жалдау ақысын төлеу қиындыққа түседі. Сондықтан біз көптеген көмекке мұқтаж жандарға қызмет көрсете алмаймыз. Бұл мәселе үкіметтік деңгейде шешіліп, зорлыққа ұшыраған балаларды оңалту шарасы тұрақты қаржыландырылуы керек. Бізде қазір әйелдер үшін бұл мәселе шешілген. Оларға көмек көрсетудің белгіленген стандарттары да бар. Ал, балаларға қатысты мұндай ортақ талап жоқ. Жалпы, шетелдерде осындай іске бизнесмендердің қолдауы күшті. Бізде де осы мәселе оларға жеңілдетілген салық ұсыну арқылы шешімін тапса құба-құп болар еді, – дейді ол.

Негізінде ондай балалар кем дегенде 3 ай оңалту шарасынан өтіп, өмірін қайта бастауға бейімделуі керек. Ал жалпы, бұл кезең бір жарым жылға созылуы тиіс. Бұл әлемдік тәжірибе. Англия мен Норвегияда мәселен, зорлық-зомбылықтың қандай түріне болмасын ұшыраған бала осындай оңалту курсынан өтеді. Психолог, әлеуметтік қызметкер, педагог, дәрігер, заңгер қашанда қасынан табылып, өз тілінде мұң-зарын тыңдап, өз тілінде кеңес береді.

Осыған ұқсас пікірді белгілі заңгер **Камиша Есмұхамбетқызы** да айтты.

– Бізде жасөспірімдерге арналған бейімдеу орталығы бар. Ол жабық түрдегі мекеме болып тұр. Оған балаларды құқық қорғау органдары апарып тастайды да, одан соң ешкімді кіргізбейді. Адвокаттар бұл мекемеге мүлде бас сұға алмайды. Мен зорлыққа ұшыраған балалар үшін жаңа үлгідегі бейімдеу орталығы керек екенін үнемі айтумен келемін. Себебі, қазіргі ұйымдар зорлыққа ұшыраған уақытта, яғни сотқа іс барғанға дейін ғана бала тұра алатын орын. Ал бұдан соң онда баланың психикасымен, жандүниесіндегі арпалыспен ешкімнің шаруасы болмайды. Негізінде баланың ең қиналатын уақыты оқиғадан кейінгі кезең. Ол осы уақытта қолдау көрмесе өзін керексіз сезінеді. Жасөспірімдерге қоғам болып көмек бермесек, өмірге, мемлекетке өкпелі болып, келеңсіз жағдайға ұшырауы әбден мүмкін. Мұндай жағдайда бала өте қорғансыз. Тәжірибеде көріп жүргенімдей кейбір балалар сол сәтте ата-анасы тарапынан да сатқындық көруі мүмкін. Себебі, олар қылмыскерлермен бітімге келіп, істі қозғаудан бас тарта салатын жайттар болады. Бұл балаға екі есе соққы. Осындай жағдайлар орын алмас үшін адвокаттардың, заңгерлердің бейімдеу орталықтарына еркін кіре алуы, балалардың қасынан табылуы өте маңызды. Шетелдерде осының бәрі ойластырылған. Біз балалардың осындай қылмыстарға ұрынуының алдын ауымыз керек. Ол үшін арнайы әдебиеттер шығарылып, мектеп бағдарламасына енгізілгені жөн. Сонымен қатар балалардың мобильді полициясы болу керек. Жедел уәкіл, психолог, адвокаттар зорлық көрген баланың қашанда қасынан табылуы тиіс. Өкінішке орай, біздің құзырлы орындар «для галочки» жұмыс істейді. Балалар омбудсменінің немен шұғылданып жүргенін білмейміз. Негізі, бала құқын қорғаушы уәкіл барлық аймақта болуы керек. Сенесіз бе, осындай қолдаудың болмағанынан қаншама зорланған ұл-қыздар жезөкшелікпен айналысып кетті. Себебі, олар өздерін керексіз сезінеді. Бұл өте қауіпті құбылыс, – деген еді ол.

Өкінішке орай, балалар омбудсмені Аружан Саинның бұл мәселеге қатысты пікірін біле алмадық. Дайындығым жоқ деп, өзі айналысып жүрген саласына қатысты түсініктеме беруден бас тартты. Қазір басына түскен сәл ауыртпалықты жеңуге үлкендердің өзі қауқарсыздық танытып жатқанда балалар қайтып тығырықтан шықпақ? Бала жаны тағдырдың қатал соққысын көтере ала ма? Бұл әрине, үлкендерді ойландыру керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ІШКІ НАРЫҚ РЕТТЕЛМЕСЕ БАҒА ТҰРАҚТАНБАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл ретте әкімдіктер барлық қажетті тетіктері болса да, халықты қамтамасыз ету үшін ішкі нарықта картопты ұстай алмады. Атап айтқанда, субсидиялау кезінде өндірушілерге «қарсы міндеттемелер» қойылмаған. Өңірлік тұрақтандыру қорларына картоп жеткілікті көлемде сатып алынбады, сондай-ақ форвардтық сатып алу және «айналым схемасы» сияқты нарықтық тетіктер толық пайдаланылмады. Аймақтардың тұрақтандыру қорларында қазіргі уақытта картоп қоры іс жүзінде жоқ. Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, қысқа мерзімде Ауыл шаруашылығы министрлігіне Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, азық-түлік тауарларын өндіру мен тұтынудың болжамды теңгерімін әзірлеу туралы тапсырма беруіңізді ұсынамын. Бұл бағаның өсу тәуекелдерін уақытылы анықтауға және бағаны тұрақтандыру бойынша алдын алу шараларын енгізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазірдің өзінде жергілікті атқарушы органдар Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетекшілігімен ауыл шаруашылығы өндірушілерін субсидиялау шеңберінде ішкі нарықты бірінші кезекте өніммен қамтамасыз ету бойынша қарсы міндеттемелер қоюы қажет» деді. Ал 14 маусымда бұл мәселенің тігісін жатқызу үшін ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі картоп бағасы түсе бастады деген хабар таратты. Онда елдегі картоп қоры жарты айдан астам уақытқа жететіні (Халықтың жан басына шаққанда жылына 95 кг норма болғанда, еліміздің халқы күніне 4,9 мың тонна картоп тұтынады). Бұл шағын фермерлердегі және халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарындағы сақталған картоп қорының негізгі көлемін (шамамен 80%) есептемегендегі көрсеткіш екені айтылған. Сондай-ақ

күнделікті баға мониторингі картопқа бөлшек сауда бағасы 138-450 теңге/кг аралығында болатынын айтты. Бүгінгі таңда ең төмен баға Қостанай (138 тг/кг) және Ақтөбе облыстарында (166 тг), ал ең жоғарғысы Нұр-Сұлтан қаласында (225-450 тг), СҚО (320-340 тг), ШҚО (335 тг) және Қарағанды облысында (270-310 тг) тіркелгені. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, жыл басынан бері картоптың құны 48,6%-ға өскені, алайда бұл өсім маусымдық сипатқа ие екені көрсетілген. Мысалы, 2020 жылы дәл осы күні статистика органдары бағаның 46%-ға жуық өскенін тіркеген. Маусымдық бағаның өсуіне делдалдар мен сауда нысандарының үстемені көп қосқаны әсер еткен. Министрліктің мәліметіне қарағанда биыл картоп егістігі алқабы 198 мың гектарды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 6 мың гектарға артық және өндірілетін картоп көлемі биыл да 4 миллион тонна деңгейінде болады деп жоспарланып отыр.

Яғни, халық босқа даурығып жүр. Тағы біраз шыдасақ бәрі орнына келеді. Бәріне үстемені көп қосқан делдалдар мен сауда нысандары кінәлі. Әйтсе де, бағаны бақылай алмай отырған және картоптың өндірісі мен оны қайта өңдеу ісін 30 жыл бойы бір жүйеге түсіре алмаған Үкіметтің жұмысын мінсіз деуге болмас. Статистика бойынша егістік пен одан жиналған өнім көлемін 1991 жылмен салыстырғанда көрсеткішіміз сәл-пәл өскенімен, дамыған елдермен салыстырғанда өнімділік жағынан, өнімді қайта өңдеуде де айтарлықтай артта келе жатырмыз. Оны Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің жеміс, көкөніс және жаңғақ шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі Теміржан Айтпаев та жоққа шығармайды. 30 жылдай Картоп, көкөніс, бақша ғылыми-зерттеу институтында қызмет жасап, оның тең жартысын басшылық қызметте өткізген әйгілі ғалымның айтуынша, еліміздің картоп өндірісі әлі күнге дейін ешқандай бағыт-бағдарсыз өзімен-өзі дамып келеді. Мұнда кеңестік дәуірде өнімнің басым бөлігі мамандандырылған шаруашылықтарда өндірілсе, бүгін бәрі керісінше боп тұр. Қазір егіс алқабы мен одан жиналған өнімнің 10 пайызы ғана маманданған ірі шаруашылықтардың еншісіне тиеді. Ал не техникасы, не маманы, не қоймасы жоқ шағын және орта кәсіп иелері мен картопты өзінің үй жағдайындағы қосалқы шаруашылығында өсіретін халықтың мемлекеттік субсидияға қолжеткізуі әзірге қол жеткізбес арман боп тұр.

– Егіс көлемі мен жиналған өнім мен халықтың тұтынуы жағынан алғанда әлемде – бірінші орында бидай, екінші орында күріш, үшінші орында жүгері, төртінші орында картоп тұр. Сондықтан да оның маңызын ескере отырып 2008 жылды БҰҰ Халықаралық картоп жылы деп жариялаған болатын. Еліміздің әлеуетін ескерер болсақ негізгі азық-түлік өнімдерінің бірі ретінде картоп барынша арзан, халыққа қолжетімді болып тұруы керек еді. Экономикалық тұрғыдан бағалайтын болсақ, 1 кг картоп бағасы біздің елімізде 50-70 теңге шамасында болуы тиіс. Ал 200-400 теңге деген баға ақылға сыймайтын нәрсе, – деген Теміржан Ерқасұлы дамыған елдерде өндірілген картопты 90 пайызға дейін қайта өңдеуге қолжеткізгенін айтты. Ал бізде ресми статистика бойынша былтыр жиналған 4 млн тоннадан астам картоптың 1 пайызы ғана өңделген. Яғни өндіріс жоспарланбаған, өңдеу өнеркәсібі мүлде дамымағандықтан былтырғы 4,6 млн тонна картоптың есебін ешкім бере алмауда. Сондықтан бұрын импорттық арзан картоптың есебінен барын асырып, жоғын жасырып үйренген үкіметтің жұмысына шетелден келетін өнімнің тоқтауы үлкен сынақ болып тұр. Қазіргі әрекетіне қарағанда, нарықтағы жағдай әлі сабақ болмаған сияқты. Егер шаруашылықтар өндірген өнімін қайда өткіземін деп алаңдамайтындай жағдай жасап, өндірісті жоспарлап, саланың тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жүйені жасауға ештен кеш жақсы дегендей қазірден бастап қам қылмаса, маусымдық баға дүрбелеңі алдағы жылы да қайталануы әбден мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
«Заң газеті»

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҰШЫРАҒАН БАЛАЛАР ҮШІН АРНАЙЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК ПЕ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлшат КЕБЕКБАЕВА, ***Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылындағы Қ.Байғабылов атындағы орта мектептің мұғалімі:***

– Бала ғана емес, оның ата-атасы да қоғамның өзге мүшелерінің қолдауына, жылы сөзіне зәру. Оларды бөлектегеннен мәселе шешілмейтін секілді. Керісінше, қоғамның өзге мүшелерінің зорлық-зомбылық жасаушыларға қатысты ұстанымын нығайтып, бауырмалдық, адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерін күшейтуге көбірек көңіл бөлген жөн шығар. Қылмысты кім, қалай жасайды, оған не түрткі болды дегенді зерттеп, талдау жасаған соң ғана тиімді жолды анықтаған жөн. Әйтпесе, бүгін анау керек, ертең мынау керек деп әрнәрсенің етегіне бір жармаса бергенмен, қылмыс азаймайды. Қайта түрленіп, жасара береді. Оның тамырына балта шауып, адамшылықтан айыратын теріс әдет-қылықты азайту үшін тәрбиелік, ақпараттық үгіт-насихат жұмысы үздіксіз жүргізіліп, ұлттық құндылықтар көбірек насихатталу керек. БАҚ пен интернет желісіндегі бей-берекетсіздікке тыйым салынып, теріс қылық көрсетіп жүргендерді көрсетіп, сұхбат алу арқылы танымал болудың оңай жолын іздеушілердің ісі әділ бағасын алғаны жөн деп ойлаймын.

Құнанбай МҰСАЕВ, ***Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:***

–Мысалы, арақ-шараптың бәрі қазір химиялық жолмен жасалады. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық істерін қарап көрсеңіз 99 пайызы арақ-шараптың кесірінен жасалады екен. Яғни, ол миды улап, сананы бұлдіріп жатыр. Арақ-шарап шығаратын өндіріс орындарында түрлі ГМО-лар қосылады, тіпті олар енді айран, ірімшік сияқты азық-түліктерге қосылып жатыр. Адамның түпсанасын өзгертуге оның да қатысы бар. Адамды адамға қарсы қою, бөлу, некенің бұзылуы зұлымдықты көбейтуде. Толық отбасында өспеген бала өзгенің бақытына қуана алмауы мүмкін. Ұлттық құндылықтарды қайтадан өз орнына келтіру керек сияқты. Ой еркіндігі деп бөлініп, бөлшектенуден жағдайы жақсарып кеткен ел мен халықты табу өте қиын. Мәселен, біздің сотта балаларға қатысты зорлық-зомбылық істерінің санкциясы ғана қаралады. Яғни, күдіктіні қамауға санкция беріледі. Өткенде 3 және 7 жастағы қыздардың жыныс мүшесіне саусағын тығып қанатқандарға қатысты істер қаралды. Оны жасағандар үш күні бойы арақ ішкен көрінеді. Қазір Мақтаарал ауданында ақсақалдар осының бәрін көрген соң аудан әкіміне аудан бойынша арақ-шарап сатылмаса деп өтініш жасады. Енді осы мәселені түсініп, көтеріп жатыр.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

САРАП

ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Әкімшілік әділет азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік органдардың жария құқық саласындағы заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қабылданды.

Кодекс мемлекеттік органдар мен жеке, заңды тұлғалар арасындағы жария құқықтарды іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

ӘРПК сотқа дейінгі сатыда (әкімшілік рәсім) және сотта (әкімшілік сот ісін жүргізу) лауазымды адамның қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда мемлекеттік орган мен жеке, заңды тұлғалар арасындағы дауларды шешу тәртібін реттейді.

ӘРПК қарапайым адамның құқығын қолында билігі бар адамдармен теңестіруге арналған. Әкімшілік сот ісін жүргізу азаматтар мен заңды тұлғалар үшін неғұрлым тартымды болады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін мемлекеттік шара мөлшерлес болуға, яғни, жарамды және қажетті болуға (мөлшерлестік қағидаты) тиіс. Заң актілерінің барлық күмәндері, қайшылықтары мен түсініксіздігі азаматтардың пайдасына түсіндіріледі (құқықтардың басымдығы қағидаты).

Азамат мемлекеттік орган қабылдаған шешімнің заңды екеніне сенімді бола алады. Егер заңсыз шешім қоғамның мүдделеріне қайшы келсе, онда ол адал азаматқа келтірілген залалды міндетті түрде өтей отырып жойылады (сенім құқығын қорғау қағидаты).

Азамат ұсынған құжаттар мемлекеттік орган теріс деп белгілемейінше (анықтық принципі) анық деп есептеледі. Принциптерді бұзу оның сипаты мен маңыздылығына қарай әкімшілік актінің күшін жоюға әкеп соғады.

ӘРПК екі үлкен бөліктен тұрады, процедуралық және процессуалдық. Біріншісінде – мемлекеттік органдардың азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініші бойынша шешім қабылдау, қарау және шығару рәсімі, шағымдану тәртібі (сотқа дейінгі реттеу) егжей-тегжейлі жазылған. Тараптардың құқықтары мен міндеттері бекітілген.

Азаматтардың өз істерін өкіл арқылы жүргізуге; әкімшілік актіні қабылдар алдында тыңдалуға; материалдармен танысуға және олардан үзінді көшірмелер жасауға; әкімшілік актіге шағым беруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге, аудармашының қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

Кодекс өтініштерге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Билік органдары қабылдаған шешімдер – әкімшілік актілер деп аталады.

ӘРПК-нің екінші бөлімі – сотта дауларды қарауға арналған. Мұнда талап арыз берілген сәттен бастап, шешім шығаруға және сот актілерін қайта қарауға дейінгі бүкіл сот процесі регламенттелген. Әкімшілік сот мемлекеттік билік органдарының, лауазымды адамдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне дау айту туралы істерді қарайтын болады. Талап қоюшы, жауапкер, мүдделі адам және прокурор сот процесіне қатысушылар деп есептеледі. Сотта талап арыз берілген әкімшілік орган немесе лауазымды адам ғана жауапкер бола алады.

Соттардың үш сатылы жүйесі сақталады. Бірінші саты – аудандық соттарда. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі алқаларында – апелляциялық шағым беру. Кассация – Жоғарғы Сотта.

Кодекс талап арызды қабылдау және қарау рәсімін жеңілдетті. Судья әртүрлі ұйғарымдар шығарудан босатылды, тек талап қою арызын кері қайтара алады (сотқа дейін реттеу тәртібі сақталмаған, әрекетке қабілетсіз адам берген, мемлекеттік баж төленбеген, соттың соттылығына жатпайтын және т.б.).

Әкімшілік іс талап қойылған күннен бастап 3 айдан аспайтын мерзімде қаралады және шешіледі. 1-сатыдағы соттың шешіміне тараптар түпкілікті нысанда акт шығарылған күннен бастап 2 ай ішінде апелляциялық тәртіппен шағым жасай алады. Апелляция қаулы үшін кассациялық сатыға бір ай ішінде шағым жасалады.

Бүгінгі күні сот ісін жүргізудің үш түрі бар: қылмыстық, әкімшілік және азаматтық. Барлық даулар, оның ішінде азамат пен мемлекет арасындағы даулар бірыңғай ережелер бойынша қаралады: тараптардың теңдігі, сот дәлелдемелер жинаудан босатылады. Азаматтық істер соты төреші ретінде әрекет етеді және тараптар оған не ұсынғанын ғана зерттейді.

Жаңа ӘППК-де сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинауды жүзеге асырады, даудың барлық мән-жайларын анықтайды, талап қоюлардағы формальды қателерді жоюға жәрдемдеседі және басқалары (принцип – соттың белсенді рөлі). Жеке немесе заңды тұлға емес, мемлекеттік орган өзінің дұрыстығын дәлелдеуге міндетті. Іс жүзінде сот әкімшілік органның шешімін тексереді. Судьяның жаңа рөлі шенеуніктердің мінез-құлқын тәртіпке келтіреді және азаматтардың құқықтарын қорғау үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Сотта жеңіске жеткен адамдар үшін түпкілікті нәтиже маңызды – ол шешімнің орындалуы. Әрбір орындалмаған сот шешімі әділеттілік салтанатына күмән тудырады.

Сот шешімдері мен өзге де актілерді орындау принципі біздің мемлекетіміздің негізгі міндеті және ол Конституцияда белгіленген. Сондықтан әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуына қатаң бақылауды қамтамасыз етеді. Ол үшін ақшалай өндіріп алу институты енгізіледі. Мұндай шара сот талаптарымен, сот шешімін орындамағаны үшін қолданылады.

Қайыркелді МҮСЕТОВ,
Ақмола облыстық сотының судьясы

ПІКІР

ДАУДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕ ТЕТІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану кезінде жария-құқықтық қатынастарда азаматтар көбінесе тең емес жағдайда болатынын атап өтіп, олардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейтінін айтты. Және осы айырмашылықты реттейтін дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде Әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет деген.

Осыған орай, Жоғарғы Сот пен Әділет министрлігі бірлесе отырып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жобасын әзірлеп, оған 2020 жылдың 29 маусымында Президент қол қойды және ол осы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Әкімшілік әділет – мемлекеттік басқару жүйесіндегі заңдылықтың сақталуына мониторинг жүргізу үшін арнайы органдардың немесе арнайы соттардың жүйесі, яғни, бір жағынан азамат немесе ұйым арасындағы, екінші жағынан мемлекеттік орган арасындағы әкімшілік және құқықтық дауларды шешудің арнайы рәсімдік процедурасы.

Жалпы, бұған дейін, мемлекеттік мекемелермен жария даулар қолданыстағы Азаматтық-процестік кодекстің аясында шешіліп келді. Оның тәртібі бойынша азамат мемлекеттік органның әрекетіне қатысты талап-арызын бергеннен кейін мекеменің заңға қайшы әрекетін өзі дәлелдеуі керек болды. Мұндай кезде әрине, мекеме де қол қусырып қарап отырмайды. Ол өзін ақтауы үшін дәлел жинап, сотқа ұсынады. Ал заң саласынан білімі таяз қарапайым тұрғын абдырап, қай дәлелдің етегіне жармасарын білмей, сайып келгенде, сот үкімі шыққанда аң-таң күй кешеді. Себебі, үкім шығаратын судья да заң бойынша – бейтарап, алдын ала ештеңе айта алмайды. Ресми деректер еліміздегі осындай даулардың 85 пайызы мемлекеттік органның пайдасына шешілсе, 15 пайызы ғана жеке адамдардың пайдасына шешілгенін көрсетеді.

Өзгерістерге сәйкес, қазіргі таңда еліміздегі қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралатын болса, жаңа заң қолданысқа енгеннен соң сот ісін жүргізудің төртінші институты мен әкімшілік іс жүргізу атты ұғым енеді. Сонымен қатар, қолданыстағы екі заң, атап айтқанда, «Әкімшілік рәсімдер туралы заң» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заң» өздерінің күшін жояды. Елімізде 21 жаңа әкімшілік сот құрылады. Нақтырақ айтқанда, олардың 17-сі облыс орталықтарында, ал 4-еуі – Жезқазған, Семей, Екібастұз және Қаскелең қалаларында өз жұмыстарын бастамақ.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс бойынша жұмыс істеп жатқан соттардың атауы да өзгереді. Бұдан былай азаматтар мемлекеттік органмен немесе әкімшілік органмен, басқа да лауазымды тұлғалармен дау туындаған жағдайда, осы жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жүгінеді. Тек лауазымды тұлғалар ғана емес, квазисектордағы, мемлекетке бағынышты органдар, мысалы, ұлттық компаниялар, мемлекеттің үлесі бар, мемлекет өзінің уәкілеттігін берген органдар, тіпті Республикалық адвокаттар алқасы сияқты органдардың өзі де осы заңның шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауап беретін болады. Жаңа заңға сәйкес, мемлекеттік орган еш уақытта талапкер рөлін ала алмайды, ол тек қана жауапкер болады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте судьялардың істі шешу барысындағы рөлі де белсенді болмақ. Олар тараптар ұсынған айғақтар жеткіліксіз болса, өз бастамасымен оларды толықтыруды талап етуге, тараптарды мәмілеге келтіруге құқылы болады. Сонымен қатар, талап арыздарда жіберілген қателерді жоюға жәрдемдесіп, азаматтардың түсініксіз талаптарын айқындап, түсіндіре алады. Осылайша судья азаматтың мемлекеттік билік аппаратына қарсы тұруына белсенді түрде көмектеседі. Кодексте тараптарды бітімге келтіру шараларын белсенді түрде қолдану да ұсынылған, яғни, мәмілеге келтіру шарты ерікті түрде жүзеге асырылып, бұл өз кезегінде сот шығынын азайтып, ал қарым-қатынастарды тартыстық сипаттан арылтады. Сонымен қатар, жаңа заңға сәйкес, судья шешім шығарып қана қоймай, оның орындалуын қадағалайды. Лауазымды тұлға шешімді орындамаған жағдайда, 50-ден 100 АЕК-ке дейін қаржылай өндіріп алу жазасы қолданылады. Шешім орындалмайынша, судья ол адамды жауапкершіліктен босатпайды.

Жалпы, әкімшілік әділет институты Қазақстанның сот саласы үшін жаңалық болғанымен, бұл тәжірибе батыста және посткеңестік елдерде бар әрі табысты қолданылып келеді. Кодекстің жобасы жасалмас бұрын осы бағытта көптеген елдердің тәжірибесі зерттеліп, біздің мемлекетіміз бен қоғамымыз үшін ең тиімді тұстары іріктеліп алынған болатын. Жариялы билік органдарының қызметіне әкімшілік-сот бақылауының негізін қалаушы болып Франция мемлекеті танылған. Әкімшілік актіні түсіндіру туралы өтінішпен әкімшілік сотқа жүгіну мүмкіндігін Француз әкімшілік әділет жүйесінің ерекшелігі деп санауға болады. Бұл әкімшілік құқықтың нормаларын іс жүзінде дұрыс қолдануға ықпал етеді. Ал Германиядағы әкімшілік әділет ең дамыған және беделді модель болып табылады. Онда әкімшілік соттар сот билігінің дербес тармағы болып табылады және олар конституциялық құқық саласына қатысы жоқ барлық жария-құқықтық дауларды қарайды. Сонымен қатар, бұл елде әкімшілік процестің барлық сатыларының процестік реттелу дәрежесінің өте жоғары болуы тараптарға процестің барысы мен нәтижелеріне белсенді түрде ықпал етуге, өз құқықтарын тиімді қорғауға, процестік міндеттерді мүлтіксіз орындауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, елімізде әкімшілік әділет институтының толыққанды жұмыс істей бастауы құқықтық мемлекет идеясына сай билік пен қоғам арасындағы белгілі бір көпірдің орнығуына берік негіз қалап, заң үстемдігін сақтаудың кепілі болары анық.

Есбол ӘБДІРАМАНОВ,
Түркістан облысы Кентау қалалық сотының төрағасы

ПӘРМЕН

КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ

Еңбек даулары бүгінгі күннің өзінде әлеуметтік маңызды мәселелердің бірі ретінде қалып отыр. Сотқа келіп түсетін істердің көпшілігі еңбекақысын өндіріп алу, жұмысты қалпына келтіру, тәртіптік жазаға тарту туралы бұйрықтарды даулау талаптарымен байланысты.

ҚР Еңбек кодексінің 21-бабына сәйкес, Қазақстан заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында заңға сәйкес жасалатын еңбек шартының негізінде туындайды. Яғни, заңда жұмыс берушінің де, жұмыскердің де құқықтары мен міндеттері нақты белгіленген. Алайда, көптеген жұмыс берушілер – мекемелер, ұйымдар, жеке кәсіпкерлер заңда белгіленген талаптарға қайшы әрекеттерге жол береді. Іс материалдары бойынша жұмыс берушілер жұмыскермен еңбек шартын жасаспайды, жұмысқа қабылдау туралы құжаттар рәсімделмейді, төленуі тиісті еңбек ақыны кешіктіріп, ай сайынғы міндетті төлемдер жүргізілмейді. Нәтижесінде жұмыскер бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін сотқа талап арызбен жүгінеді.

2020 жылы елорда соттары еңбек дауларымен байланысты 784 іс қараған, ал 2019 жылы осы санатты 1127 іс қаралған екен. 2020 жылы 126 еңбек дауы тараптардың бітімге келуімен қысқартылған, дәл осындай тараптардың татуласуымен 187 іс 2019 жылы қысқартылған. Ал биылғы жылдың мамыр айына дейін соттарда 332 іс қаралып, оның 54-і бойынша дау екі тараптың уағдаласуымен аяқталған.

Жалпы, еңбек дауларын сотқа жеткізбей шешудің жолы көп. Еңбек дауларының санын азайту мақсатында алдын алу шараларын жүргізу аса маңызды. Осы орайда, еңбек заңнамасын сақтау, бұзушылықтарды жою бойынша және дауларды сотқа дейін реттеудің артықшылықтары жайлы кәсіпорындар мен мекемелерде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Еңбек дауларының алдын алуға болады, болмаса бұл мәселені татуласу рәсімдерінің түрлерін қолдану жолымен сотқа дейінгі тәртіппен де реттеуге болады. Бұл шара да өз кезегінде жұмыс берушілердің заң нормаларына сәйкес жұмыс жасауына және жұмыскерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Ботагөз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қалалық сотындағы ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ҮЙЛЕСІМ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Гендерлік саясаттың қоғам өміріндегі маңызы, әйелдер теңсіздігі, нәзік жандылардың билікке араласуы туралы айтатын болсақ, тарихта аты қалған Тұмар, Қызай ана, Домалақ ана, Айғаным, Бопай, Ұмай секілді батыр аналарымыздан бастау алатын даңқты әйелдер еске түседі. Олардың жалғасы да үзілген жоқ, беделдері де әр дәуір сайын артпаса, кеміген емес. Ұлы Отан соғысында Әлия, Мәншүк, желтоқсанның жалынды жастары Ләззат, Сәбиралар елі үшін құрбан болды. Құнанбайдай қажыны өмірге әкелген, Абайдай хәкімнің өсіп-жетілуіне септігін тигізген Зере әже, ел анасы атанған Ұлжан, Шоқандай дарынды тәрбиелеген Айғаным секілді аналарымыз елге үлгі.

Еліміз егемендік алғалы да мемлекеттік басқару саласына араласып, белсенді қызметімен тұлғаға айналып жүрген арулар қаншама.

Қазақ қоғамында әйел баласына, анаға ерекше қамқорлық пен құрмет көрсетіледі. Әйел – ана, әйел – жар, әйел – тәрбие көзі, әйел – балалар панасы, әйел – отбасы шамшырағы, сонымен қоса әйелдер саясаткер де, билеуші де, көшбасшы да бола алады. Әйел баласының бұдан да басқа қасиеттері жетіп артылады. «Жұмақтың кілті ананың табанының астында», «Әйел – бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді» дейді қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов. Әйел теңдігі, оның қоғамдағы орны қай кезеңде де басты мәселе болып қала бермек.

Мемлекетімізде гендерлік саясат мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Әйелдер арасында шағын және орта кәсіпті дамыту, әйелдердің жағдайын жақсарту, зорлық-зомбылықтан қорғауға арналған шаралар атқарылды. Осы бағытта арнайы стратегия қабылданып, жүзеге асырылған. Мемлекеттік гендерлік саясат базалық гендерлік заңдарға және Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген ҚР 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылды. 2016 жылы Қазақстанда 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Бірінші кезеңде (2017–2019 жылдар аралығында) отбасы және гендерлік саясаттың қол жеткізген нәтижелерін ары қарай дамыту іс-шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жоспарланып, отбасы және гендерлік саясаттың 2017–2019 жылдарға көзделген жоспарларында қарастырылды.

Гендер – әйелді атқа мінгізіп, төрге сүйреп, еркектің басын көрге сүйрейтін саясат емес. Бұлай түсіну қисынсыз. Бірақ гендерлік саясат стратегиясы – отбасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділікті, яғни гармонияны қалыптастыруды көздейді.

Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті дамытуда әйелдердің рөлі ерекше. «Әке – баласын тәрбиелейді, шеше – ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған. Бүгінгі таңда әйел-аналар денсаулық сақтау, ағартушылық жүйе, мемлекеттік қызмет, құқық қорғау салаларында қызмет атқарып, сондай-ақ, бизнесті де дөңгелетіп отырғанына қарамастан, отбасына да уақытын қажетті деңгейде бөліп, балаларының тәрбиесімен де айналысып жүргендігі жасырын емес.

Эльмира СЕРІКБАЕВА,
Жаңақорған аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



№48 (3373)
18 маусым 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

«ТАРИХЫ БАР ЕЛ – ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еренғайып ОМАРОВ,
«Қайнар» университетінің ректоры, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик:

– Еренғайып Сәліпұлы, «Қазақ өркениеті» тақырыбына қалай келдіңіз?

– «Өркениет» ұғымына біржақты, біржола анықтама беру қиын. Шынында өркениет ұғымы бірқатар әлеуметтік генотипті, әлеуметтік стереотипті меңгерген. Сондай-ақ, үлкен, жеткілікті, автономиялық, барынша тұйықталған географиялық кеңістікті игерген, мемлекет құрған және осыған орай әлемдік тарихтан берік орын алған адамдардың мәдени қауымын білдіреді. Қазақ өркениетінің категориялық-ұғымдық ақпараты енді ғана құралып келеді десек те, егер есептеуді арийлер мен шумерлерден бастап жүргізсек, ол тарихи жылнама бойынша басқа да көптеген көне өркениеттермен қатар тұрады. А. Дж. Тойнбидің теориясына сүйенсек, қазақ өркениеті үшін шумер өркениеті генетикалық жағынан туыс қоғам болып табылады. Ал қазақ өркениеті, өз негізінде, өркениет категориясына, дәлірек айтқанда, жергілікті өркениетке қойылатын талаптардың бәріне жауап береді. Жаңа нәрсені жақтаушылардың да, оған қарсы пікірдегілердің болатыны да табиғи нәрсе. Алғаш рет ресми түрде «Қазақ өркениеті» термині 1999 жылы «Қазақ өркениеті» журналының тіркеу куәлігін алған кезде көрсетілді. Ғылыми тұрғыда қазақ өркениеті туралы хабарды мен 2000 жылы Алматыда өткен және 2001 жылы Австралияда өткен халықаралық конференцияларда жария еттім. Бұл ұғым біртіндеп мемлекеттік басылымдардан және «Қазақ өркениеті» журналында жарияланған көптеген мақалалардан қолдау тапты. Жалпы «Қайнар» университеті «Қазақ өркениеті» деген не, оның белгілері қандай деген сұрақтарға түсіндірме жасауды белсенді түрде қолға алып, үлкен зерттеу жұмысын жасады. Міне, бірнеше жылға созылған осы зерттеу барысы аяқталуға жақын.

– «Қазақ өркениеті» ұғымына толығырақ тоқталып өтсеңіз...

– Кезінде еуропалық ғалымдар қаптаған қазақ қалаларындағы қайнаған тіршілікті өркениет ошағы ретінде қарастырмады. «Қазақ философиясы» және «Қазақ өрекениеті» ұғымдары мүлдем болған жоқ. Өркениет сөзінің қазақ тіліне қай кезде кіргені белгісіз. Қазақ ғалымдары 2000 жылға дейін өркениет ұғымын сирек қолданатын, пайдаланғанның өзінде қазақ тарихына байланысты қарастырмайтын. Оны қолдануды алғашқыда «көшпенділер өркениеті», «дала өркениеті», «қазақ өркениеті» деген терминдер аясында ғана кездестіре бастадық, артынан тарихшылар мен философтар қазақ өркениеті тақырыбын да дамыта бастады. Күні кешеге дейін ғалымдар «Дала өркениеті», «Көшпенділер өркениеті» деген терминді қолданып келді. Мен бұларға қоса «Қазақ өркениеті» деген ұғым енгізуді ұсындым. Ата-бабаларымыз тек малдың соңында жүріп күнелтпегені ақиқат. Кейінгі табылған археологиялық қазбалар және ескі тарихи қолжазбалар соны растайды. Бұлтартпас дәлелдер табылған соң, 2001 жылдан бастап Түркияда, Австралияда, Тайваньда және Мәскеу, Алматы қалаларында өркениеттерге арналған конференцияларда қазақ өркениетінің бар екеніне дүниежүзі ғалымдарының көзін жеткіздік. Зерттеудің алғашқы нәтижелері «Краткая история казахской цивилизации» (Е.Омаров, 2005 ж.) деген кітапқа енгізілді. Соңынан Қытай мемлекетінде «Қазақ өркениеті» (Е.Омаров, 2008 ж. Пекин, «Ұлттар» баспасы), Алматыда «Қазақ өркениеті» (авторы – Уахит Шәлекенов, 2009 жыл) және менің «Қазақ өркениетінің негізі» атты кітабым жарық көрді.

Қазақ өркениеті бар. Біздің міндет – оны зерттеу, анықтамасын беріп, аумағын, құрамдас бөлігін көрсету, ең негізгісі, жас ұрпаққа жеткізу. Тәуелсіздік заманында туған ұрпақ ұлы өркениеттің сынығы екенімізді біліп өссе дейміз. Американың ғалымы әрі мемлекет қайраткері Генри Кисинджердің «Қазақстан – өркениеттер бесігі» деген сөзі бар. Енді қазақ өркениеті ішінен: дала өркениетін, көшпенділер, әскери-демократиялық, қалалық, егіншілік және өзен өркениеттерін таба аламыз. Қазақ өркениеті – қазақ халқының және олардың ертедегі бабалары – қасақтардан (касситтерден), шумер, арий, скиф, сақ, ғұндардан одан бері хорезм, қазар, түрік, қыпшақтардан көздің қарашығындай сақталып келе жатқан, өзіне тән ұлттық генотипі, ерекшелігі, шектелген үлкен кеңістігі бар, әлемде өзінің нық орнын алған мемлекеттігі бар, тұрмысының, мәдениетінің даму тарихының нәтижесі. Қазақ өркениеті – сақ, оның ішінде қасақ– массагеттер және ғұндар өркениетінің мұрагері.

– Жоғарыда «Қазақ өркениетінде» болған өркениеттер туралы айтып қалдыңыз. Өркениеттің дамуындағы ұлттың рөлі қандай?

– «Көшпенділік өркениеті өзінің кемі 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда, үлкен шығармашылық эволюцияны бастан өткерді», деп санайды Л.Гумилев. Ол Еуразия сахарасындағы көшпенділер өркениетін біздің дәуірімізге дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін жеткізеді және олар дүниежүзілік өркениетке қомақты үлес қосты деп есептейді. Шынымен, көшпенділердің адамзат өркениеті алдындағы сіңірген өшпес ерлігі – жылқыны көлік ретінде қолдануы. «Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды ғалымдар пайдалана бастады. Бұған себеп болған – Қазақстан жерінен табылған ескі қалалар. Біздің жыл санауымыздан мың жылға жуық бұрын Алтайдан Донға дейін Еуразия сахарасында пайда болып, эволюциялық даму сатыларынан өтіп, бірегейлік, біртұтастық қадір-қасиеттерін сақтаған өркениет – Дала өркениеті өрбіді. Бұл географиялық аймақта этномәдени тұтастық қалыптасты, славян, финоугор, үндіарийлік, түркі тектес тайпалар әлеуметтік-экономикалық үрдістер барысында өзара байланысты. Осы тектер тоғысуында сақ түркі тегі, оны бірегейлі жеңіп шықты.

Табиғи ортаға байланысты өркениет түрлері бар. Бұлардың ішінде ең жоғары тұрғаны – Өзендік өркениет. Кеңес өкіметі кезінде С.Толстов деген ғалым Хорезмді зерттеп, үлкен еңбек жазды. Сол кісі былай дейді: «Хорезмде кеме және кемеге қажетті құралдар жасап, Еуропаға сатқан». Бұдан түйетін ой, яғни кемені еуропалықтармен қатар, біздің ата-бабаларымыз да жасаған. Хазарлар V– VI ғасырдан бастап Жайықтың жағасында уылдырықтан балық өсіре бастаған. Балық өсіру мен кеме жасау – өзендік өркениеттің шыңы деп айтуға болады. Бізге туыстығы бар кемер халқы сақтарға дейін Каспий, Қара теңіз жағалауында тұрып, кеме жасаған, теңізде жүзу шебері болған. Кемер сақтары – кеме жасайтындар деген мағынада аталған болар немесе олар жасаған үлкен қайықты «кеме» деп атап кеткен. «Кеме» деген сөз қазақ тіліне солардан енген болар. Қазақтың екінші аты «қайсақ» екенін білесіздер, «қай» ертеде – су, теңіз дегенді білдірген (қайық, қайнау, қайнар). Қытай, жапон тілдерінде «қай» сөзі осы күнге дейін теңіз деген мағынаны білдіреді, бізде ұмыт болған. Олай болса, қайсақ – теңіз сақтары дегенді білдіреді, соған қарағанда, өзендік өркениет Орта Азияда қазақта ғана болған. Қазақ өркениетінде: өзендік, далалық, қалалық, көшпенділік өркениеттермен қатар, әскери-демократиялық өркениет және егіншілік өркениеті болған.

– Қазақтардың әлемдік өркениет қазынасына қосқан үлесі қандай?

– Ғұндардың Еуропаға көшуі тарихта халықтың ұлы көшіп-қонуымен белгілі. Қазақтар осы көшіп-қонудың арқасында территориясын үлкейте, кеңейте түскені шындық. Біздің бабаларымыз бірінші болып өз территориясының шекараларын бағаналармен немесе таспен белгілеген, сол белгіленген жерлерге өз руының кейде мемлекеттің таңбасын басып отырған. Орталық Азияда билік жүргізген эфталиттер заманында Ақ-Ғұндар қойған шекара белгілерін Иран патшасы Пероз VI ғасырда жылжытамын деп жүріп, Ақ ғұндардың патшасы Ақшұбардың қолынан қаза болған. Осындай шекара тастарының біреуін «Қайнар» университетінің археология экспедициясы тапқан.

Одан бөлек, салт атқа отыруды, атқа қолданатын саймандар мен құрал- жабдықтар жасады. Атты әскерді құрды, оларды еуропалықтар кентаврлар деп атады. Қорғанға жерлеуді, далалық пирамидаларды; күрделі құрамды садақты; қала құрылысын; киіз үйді; күйдірген кірпішті ойлап тапты. Рим империясын құлатып, құл иеленушілік қоғамның жойылуына ықпал етті. Тон, кілем, кеудеше, шұлық тоқуды, өкше, үзеңгі жасап, етік тігуді ойлап шығарды. Кендір мен мақта-мата негіздері бойынша қағаз жасауды ойлап шығарды.

Бұл тізім бұдан ары қарай да ұзара берері күмәнсіз. Қазір есіме түсіп отырғанын ғана айтып отырмын. Бұл орайда, Аттила мен Томирис сияқты ұлы тұлғаларымызды ұмытпағанымыз да абзал. Францияда Аттилаға 2012 жылы ескерткіш қойды. «Аттила» атты кітабымда бұл туралы көп дүние жазғанмын. Бұл тарихи тұлғаны зерттегенде бір мақсат бар. Ол – біздің тарихымыздың тереңнен келе жатқанын көрсету. Тарихы бар ел – өркениетті ел. Өркениетті елдің тұлғаларын басқа ел танып жатса, қуанарлық жайт. Соның ішінде Шыңғыс ханның қазаққа қаншалықты қатысы бар екенінің өзі үлкен дау. Ал Аттиланың қазаққа қатысы туралы дау жоқтың қасы. Ғұндардың патшасы болған, қазақтың тарихы содан басталады. Ғұндар заманында негізгі өркениет ғұндар мен Рим империясында ғана болған дейді немістің атақты ғалымы Ш.Освальд. Сол кездегі өркениетті елдер әлемді өзіне қарата білген. Соның бірі – ғұндар. Олар қазақтың жерінде өркендеп, содан ары батысқа қарай жылжыған. Аттиланың он бесінші атасы Тараз қаласын салған. Бұл ғұндар өркениетінің гүлденген кезі болатын. Осы кезден бастап ғұндар Қытайдан бергі кеңістікті билеп отырған. Аттиланың өркениетке қосқан негізгі үлесі – Европаны құлдықтан босатты.

Егер де біз әлемдік өркениетке қазақтардың қосқан үлесін тізетін болсақ, бұл бір мақаламен шектелмейді. 1999 – 2008 жылдары «Қайнар» университеті ұйымдастырған экспедиция Стамбулдан Бейжіңге дейін созылған «Ұлы Жібек жолын» басынан аяғына дейін жүріп өтті. Соның ішінде өзім де Жібектің отаны – Хайнань аралына дейін бардым. Қашқар саяхаты соның ең маңыздысы еді. Өркениеттің тірегі экономика екені белгілі, оның ішінде Жібек жолының алатын орны ерекше. Бұл енді бөлек тақырып...

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТЕТІНДЕР ҮШІН

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтуі үшін бос орындарды бөлу туралы хабарлайды:

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 8 орын
Алматы қаласында – 8 орын
Шымкент қаласында – 5 орын
Ақмола облысы бойынша – 3 орын
Ақтөбе облысы бойынша – 3 орын
Алматы облысы бойынша – 3 орын
Атырау облысы бойынша – 3 орын
Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 6 орын
Жамбыл облысы бойынша – 3 орын
Батыс Қазақстан облысы бойынша – 4 орын
Қарағанды облысы бойынша – 5 орын
Қостанай облысы бойынша – 6 орын
Қызылорда облысы бойынша – 3 орын
Маңғыстау облысы бойынша – 3 орын
Павлодар облысы бойынша – 4 орын
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 4 орын
Түркістан облысы бойынша – 4 орын

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 2-4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін азаматтар тағылымдамаға жіберіледі.

Тағылымдамадан өту судья лауазымына кандидаттың тұратын жері бойынша тіркелген облыс, астана және республикалық маңызы бар қалалар аумағындағы жергілікті соттарда жүзеге асырылады. Тұрғылықты жері бойынша тағылымдамадан өту үшін бос орындар болмаған жағдайда, кандидат басқа облыс, астана және республикалық маңызы бар қалаларда бос орындар болған кезде тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен Тағылымдамадан өтуге адамдарды іріктеу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жүгінуге құқылы.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар Комиссияға тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жүгінеді.

Өтінішпен мынадай құжаттар қоса тапсырылады:

1) Фотосуреті бар кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ;

2) өмірбаян (өз қолымен жазылады);

3) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) жоғары заңгерлік білімі туралы дипломның және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

6) соңғы жұмыс орнынан алынған бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған, ұйымның мөрімен бекітілген қызметтік мінездеме;

7) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (№ 086 нысан), сондай-ақ заңнамалық тұрғыда белгіленген тәртіпте берілген психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерде есепке тұрмағаны туралы анықтамалар;

8) жеке куәліктің көшірмесі.

Барлық ұсынылған құжаттарда қол қойылуы және жасалған немесе бекітілген күні, қажет болған жағдайда – шығыс нөмірі мен күні болуы тиіс.

Кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ, өмірбаян, қызметтік мінездеме, денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама берілген немесе жасалған күнінен бастап бір жыл ішінде жарамды болады және кандидатқа қатысты өзекті мәліметтерді қамтуы тиіс.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (ҚР Жоғарғы Соты аппаратына) құжаттарды Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 39-үй мекенжайы бойынша қолма қол немесе пошта немесе электрондық түрде 707-0067@sud.kz поштасы арқылы ұсынады.

Құжаттарды электронды түрде электронды мекенжайға жолдаған кезде, олардың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынылу қажет. Ұсынылмаған жағдайда, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы құжаттар Комиссиямен қаралмайтын болады.

Анықтама үшін телефондар: 8 (7172) 71-00-67, 8 (7172) 71-00-64.

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІСТЕР КӘСІПОДАҚ БАҚЫЛАУЫНДА

«Yntymaq» орта және шағын бизнес қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіптік одағы» РКБ төрағасы Қайрат Жанабеков жұмыс бабымен Ақтөбе облысында болып қайтты. Сапар барысында ол алдымен «Сағыз Петролеум Компани» ЖШС Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорнына барды.

Ақпан айында серіктестік жұмыскерлері жалақыны көтеру және ауысым ұзақтығын 30-дан 15 күнтізбелік күнге дейін қысқарту туралы талаппен ереуілге шыққан еді. ҚРКФ төрағасы Сатыбалды Дәулеталиннің осы жылдың наурыз айындағы Ақтөбе облысына сапары аясында аталған серіктестік басшылығымен келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде 1 сәуірден бастап кәсіпорын жұмыскерлерінің жалақысы 20 %-ға көтеріліп, вахталық кезең 30-дан 15 күнтізбелік күнге дейін қысқарды. ҚРКФ төрағасының табанды ұсынысы бойынша жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы барлық келісімдер кездесу Хаттамасында көрсетілген болатын. Бүгінгі кездесуде салалық кәсіподақ төрағасы Қайрат Жанабеков серіктестіктің Еңбек ресустары бөлімінің бастығы Алмагүл Дүйсеновамен, осындағы бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағасы жұмыскерлермен кездесіп, келісімнің орындалу мән-жайын білді. Серіктестік өкілі жұмыс берушінің хаттамада өзіне алған міндеттемелерді толығымен орындағанын жеткізді.

«Қазіргі таңда жұмыскерлердің әлеуметтік кепілдіктері толық көлемде қамтамасыз етілді», – деді Алмагүл Дүйсенова. Серіктестіктегі бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Бердіхан Кемешов еңбек дауының ҚР Кәсіподақтар федерациясы басшылығының тікелей араласуымен шешілгенін баса айтып, алғысын білдірді.

«Дау туындағанда елордадан облысымызға арнайы іссапармен келген ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, «Yntymaq» орта және шағын бизнес қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіптік одағы» РКБ төрағасы Қайрат Жанабеков, осындағы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Алтынбек Әмірғалиев серіктестікке соғып, біздің басшылықпен кездесті. Қытайлық тараппен болған келіссөздер нәтижесінде жұмыскерлердің қойған талаптары орындалды. Кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғағаны үшін федерация басшылығына жұмыскерлер атынан алғысымызды білдіргім келеді», – деді бастауыш ұйым төрағасы.

Кездесу соңында салалық кәсіподақ төрағасы серіктестік өкілін ұжымдық шарт аясында жұмыскерлерге лайықты еңбек жағдайын жасауды назарда ұстауға шақырды. Бұдан соң Қайрат Жанабеков салалық кәсіподақтың Ақтөбе облысындағы филиал ұжымына жаңа төрағаны таныстырды. Қайрақбай Жаңабеков жаңа төраға Сәкен Батталовты таныстыра келе, әлеуметтік әріптестік аясында өңірде еңбек дауларына жол бермеу шараларын күшейтуді тапсырды.

Салалық кәсіподақ төрағасы осыдан кейін биыл еңбек дауы туындаған тағы бір компания «КМК-Мұнай» басшылығымен кездесті. Ақтөбе облысының Темір ауданы аумағында орналасқан Көкжиде кенішіндегі мұнайшылар ереуілден кейін, 26 наурызда жаңа кәсіподақ ұйымын құрып, оған өз араларынан Ержан Еламановты жетекші етіп сайлаған болатын. «ҚМК-Мұнай» АҚ жұмысшылары екі рет ереуілге шығып, жалақыны 100% көтеру, вахталық әдіспен жұмыс істейтіндердің тұрмыстық жағдайын жақсартуды талап еткен болатын. Кәсіподақ араласып, жұмыс берушілермен болған келіссөздер нәтижесінде олардың барлық талап-арыздары қатанағаттандырылды. Айлық жалақылары 20 пайызға өсіп, асханадағы тамақ мәзіріне де өзгеріс енгізілді. Жұмыс берушімен кездесу барысында әлеуметтік әріптестік аясында атқарылар істер мен еліміздегі заңнама талаптары, кәсіподақтар жұмысы кеңінен баяндалды.

Қайрақбай Жаңабеков кездесуге қатысушыларды Келісім комиссиясы аясында сындарлы диалог жүргізуге шақырды. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнама шеңберінде келіссөздер жүргізу тетіктерін түсіндіріп берді. Өз кезегінде жұмыскерлер өз талаптарының ҚР Кәсіподақтар федерациясы мен салалық кәсіподақ тарапынан дер кезінде болған қолдаудың арқасында шешілгенін айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Жалпы, Ақтөбе облысындағы еңбек тәуекелдерінің картасына жыл басынан бері еңбек дауларының туындау ықтималдығы бар 14 кәсіпорын енгізілген. Бұл «Ақтөбе облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық комиссиядағы өзге тараптармен тұрақты негізде бірлесіп жүргізетін мониторинг барысында анықталған. Бірлестік төрағасы Алтынбек Әмірғалиевтің айтуынша, қазір 10 проблемалық кәсіпорында жағдай тұрақталған, 4 кәсіпорын бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Ақтөбе облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің мәліметінше, жыл басынан бері облыста 8 еңбек дауы тіркелді. Бірлестік өз тарапынан еңбек дауларын шешу бойынша барлық келіссөздер процестеріне қатысты. Осы келіссөздердің арқасында еңбек даулары ұзаққа созылмай, тараптар келісімге тез келді.

«Әлеуметтік әріптестермен бірлескен күш-жігердің арқасында ереуілдер мен ірі еңбек қақтығыстарының алдын алды. Өкінішке қарай, дәл осы мұнай-газ саласындағы жалақының төмен деңгейі аймақтағы еңбек дауларының негізгі тәуекелдерінің бірі болып қала береді. Ақтөбе облысында орташа жалақы 201,8 мың теңге деңгейінде (Қазақстан Республикасында 2021 жылғы наурыздағы жағдай бойынша – 224,7 мың теңге), ал мұнай-газ саласында – 379,0 мың теңге (Қазақстан Республикасында – 792 мың тг.)», – деді бірлестік төрағасы Алтынбек Әмірғалиев.

Еңбек қатынастарын тұрақтандыру бойынша қабылданған шаралардың бірі – аймақтағы ірі және орта кәсіпорындармен 3 жақты меморандумдарға қол қою. Сәуір айындағы жағдай бойынша 5455 меморандумға қол қойылған. Өткен жылы бұл құжат өндірісті тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелерінде маңызды рөл атқарды, бірқатар әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етті. «Еңбек дауларының туындау ықтималдығы бар ошақтарды жою үшін біздің аймақтық штаб шеңберінде барлық мемлекеттік органдармен, оның ішінде құқық қорғау бөлімшелерімен тығыз ынтымақтастықтамыз. Жедел ақпарат алмасып, тиісті жұмыстар жүргіземіз. Бұл проблемалық мәселелерді шешу бойынша шаралар қабылдау үшін бұрын қол қойылған алгоритм жұмысының нәтижесі. Алгоритмді соңғы оқиғаларды ескере отырып нақтылауды жоспарлап отырмыз», – деді бірлестік төрағасы Алтынбек Әмірғалиев.

Бірлестік бастамасы бойынша кәсіпорындардағы жағдайды бақылау үшін жұмыс тобы құрылған. Оның құрамына облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, облыстың қоғамдық кеңесінің мүшелері, еңбек инспекциясы, облыс әкімдігінің индустриалды-инновациялық даму басқармасы өкілдері кіреді. Олар жыл басынан бері Жаңажол, Кеңқияқ кен орындарындағы еңбек ұжымдарымен бірнеше кездесу ұйымдастырды. Себебі, мұнай-газ кәсіпорындарының дені осы жерлерде шоғырланған. Бірлестік төрағасының айтуынша, еңбекақыны көбейту және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша анықталған кейбір мәселелер Татуласу орталығы жұмысының шеңберінде шешілді. Жыл басынан бері орталықта 4 ұжымдық және 3 жеке өтініштер қаралған.

ҚР Кәсіподақтар федерациясының медиа орталығы

БАСТАМА

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

XXI ғасырдың басынан бастап еліміз жаһандық ақпараттандыру процесіне белсене кірісіп кетті. Ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз. Бүгінгі таңда, өнеркәсіп және қоғамның дамуының негізгі құралы осы ақпараттық ресурстар. Үнемі қарқынды өсу үстіндегі және жылдам тозу мүмкіндігіндегі заманауи ақпараттық технологиялар жекелеген корпорациялар, сондай-ақ, қоғамдағы еңбекті ұйымдастыру, медицина, еңбекпен қамтудың жаңа формалары үшін үлкен мүмкіндіктер ашуда. Мұндай мүмкіндіктерді жаңадан енгізу адам өмірінің барлық салаларына, отбасына, білімге, жұмысқа, адамзат қоғамының географиялық шекараларындағы барлық салаларға әсер етуде.

Ақпараттық технологиялар компьютерде сақталатын операцияларды, әрекеттерді, қиындығы әртүрлі дәрежелі мәліметтер кешендерін орындайтын ережелерден құралатын жүйе. Ақпараттық технологиялардың негізгі мақсаты – бірлік ақпараттарды қайта өңдеу бойынша мақсатты бағытталған әрекеттердің нәтижесінде қолданушыға қажетті ақпаратты алу.

Ақпараттық технологиялардың байланысқа кіру, ғаламтор арқылы байланысқа кіру ғаламтордағы мағлұматтардың қайнар көзімен тікелей қарым-қатынасқа түсу, қажетті ақпаратты алу, байланыстың жеңілдігі, электрондық пошта арқылы байланысу, мағлұматтар мен іс-қағаздарды сақтаудың жеңілдігі сияқты түрлері бар.

Халықаралық қауымдастықтың бір мүшесі болғандықтан, әлемде болып жатқан үрдістер тәуелсіз елімізді айналып өтпей қоймайды. Сол себепті, қазіргі таңда көптеген мемлекеттерде ақпараттық технологиялардың көмегімен біраз іс-шаралар атқарылуда.

Электронды үкімет – жоғары атқарушы билік пен жергілікті құрылымдар мен облыс пен аудан әкімдіктерінің жұртшылықпен арадағы тікелей байланысын қамтамасыз ететін жүйе. Демек әр адам үйден шықпай-ақ электронды үкімет порталы арқылы небәрі 10-15 минут аралығында анықтама алуға, күн демей түн демей кез келген құжат түрін рәсімдеуге болады.

Мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылын жеңілдететін тағы бір жоба бұл – интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы. Ол мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің барлық сайттарын бір терезеге біріктіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, барлық ақпарат стандартталады және азаматтар үшін ыңғайлы форматта қолжетімді болады. Мемлекеттік органдарды цифрландыру үрдісі де қолданылып келеді. Айталық, денсаулық сақтау. Бүгінде осы салада цифрландыру бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Ауруханалар қажетті техникамен жабдықталып, медициналық жүйелер енгізілді. Халыққа ыңғайлы болу үшін аймақтық мобильді қосымшалар іске қосылды. Сондай-ақ, электрондық денсаулық паспорттары толтырылып жатыр. Бұл жұмысты, әсіресе, елдегі күрделі эпидемиологиялық жағдай кезінде ДДСҰ, БҰҰ-ның халықаралық сарапшылары ерекше атап өтті. Әлеуметтік сала. Электрондық еңбек биржасы іске қосылды, ол жұмысқа орналасу процесін екі есе қысқартуға мүмкіндік берді, ал рәсім айқын бола түсті. Сондай-ақ, медициналық және әлеуметтік мекемелер қосылған әлеуметтік қызметтер порталы пайдалануға берілді. Бұдан өзге, екінші деңгейдегі банктерге арналған Қаржы министрлігінің сервисі әзірленді, ол салықтарды төлеу процесін жеңілдетуге жол ашты. Бұл сервисті «Kaspi», «Halyk bank», Қазпошта және басқа да банктер жүзеге асырды. Осының арқасында азаматтар салықты уақытылы төлей бастады, ал салық бойынша онлайн төлемдер сомасы 2 есеге жуық өсті.

Ақылды қалалар. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру тек орталық мемлекеттік органдар деңгейінде ғана емес, өңірлерде де жұмыс атқаруды көздейді. Мұндағы негізгі бағыт – Smart City жобасын іске асыру. Бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету үшін 100-ден астам бастаманы қамтитын эталондық стандарт әзірленді. Бүгінгі күні шағымдар мен ұсыныстарды өңдеу тұрғысынан халықпен жұмыс жасаудың сәтті мысалы – «Komek» жүйесі. Жер қатынастарын цифрландыру «Smart City» маңызды міндеттерінің бірі – жер қатынастарын цифрландыру жүйесі жүзеге асуда. Осы орайда, мемлекеттік органдар мен әкімдіктер ХҚКО арқылы халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі деңгейде жұмыстар жүргізуде. Ақпараттық технологиялардың қарқындылығы сот жүйесіне де етене ене бастады.

Сот жүйесі дамудың жаңа сатысына көтеріліп заманауи технологиялармен толығуда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы сот жүйесінің жетілдірілген интернет-ресурстары; «Төрелік» ақпараттық жүйесі; «Сот кабинеті» сервисі және «Сот құжаттарымен таныстыру сервисі»; Сот процесіне қатысушыларға «SMS хабарлама» жолдау және оларды электрондық пошта арқылы хабардар ету жүйесі, «электронды шақырту қағаз»; Сот органдарының бірыңғай «CALL орталығы» сенім телефоны; дыбыс-бейне жазатын құрылғылар; бейне конференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді қызметтер бүгінгі күнде белсенді жұмыс атқаруда.

«Сот кабинеті» – бұл сот органдарының онлайн сервистері мен қызметтеріне рұқсат алуға арналған бірыңғай терезе. Ол арқылы азаматқа, оның өкілі немесе адвокатқа өзіне қолайлы кез келген уақытта үйінен, кеңсесінен шықпастан, интернет желісі арқылы арызды (өтінішті), шағым және наразылықты электронды түрде жолдауға, мемлекеттік бажды онлайн режимде төлеуге, сот құжатын, сондай-ақ, істің статусы мен қозғалысын көруге және сот актісінің көшірмесін шығарып алуға болады. Сонымен қатар, процессуалдық мерзімдерді қадағалауға мүмкіндік берілген.

«Сот құжаттарымен танысу» сервисі сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін электрондық сот құжаттарымен танысуға арналған.

Сотқа талап-арызбен (шағыммен) жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады. Одан кейін оның арызы бойынша сот құжатының шыққаны туралы хабарламаны сот кабинеті арқылы ала алады.

Мысалы, «Сот кабинеті» қызмет түрі сотқа жүгінушілерді әуре-сарсаңға салмай, өзіне ыңғайлы уақытта қалаған жерінен онлайн режимде сотқа арыз беруі үшін оңтайлы болса, сот үшін бұл артық қағазбастылықты азайтып отыр. Соттағы ақпараттық технологияларды пайдаланушылар саны жыл санап өсіп отыр.

Сонымен бірге, соңғы жылдарда сот отырыстары қашықтан өткізілуде. Әкімшілік, қылмыстық, азаматтық санатындағы істер бойынша тараптардың бірі басқа облыста болған кезде тұрғылықты жердегі сотқа барып не ұялы байланыспен «TrueConf» және «WhatsApp» мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы, қашықтан куәгерлік етіп, сот отырыстарына қатыса алады. Бұл бастама азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеу жолында ұтымды болып отыр.

Сот жүйесінде заманауи технологиялар, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, сот жүйесіндегі ашықтықты қамтып әр түрлі төрешілдік көріністеріндегі кедергілерді қысқартады. Сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықты болдырмауға септігін тигізеді. Халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді. Сот жүйесіндегі ақпараттық технологияның дамуы мен сот жүйесінің максималды ашықтығы еліміздің халқы үшін қолжетімділікке жетуге мүмкіндік берді.

Қуандық МОЛДАҒАЛИЕВ,
Бөкей ордасы аудандық соты кеңсесінің аға сот приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҚ ЖЕРДЕ НӘТИЖЕ БОЛМАЙДЫ

Соңғы жылдары сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің дамуы – сот төрелігін жүзеге асырудағы басты аспектілердің біріне айналды. «Тілдер туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп көрсетілген.

Сот ісін жүргізу тілінің мәні өте зор, өйткені, сот ісін жүргізу тілі қағидатын іске асыру арқылы азаматтардың қай ұлт екеніне қарамастан сот алдындағы теңдігі қамтамасыз етіледі.

ҚР-да сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сонымен бірге орыс тілі ресми түрде қолданылады, қажет болған жағдайда басқа тілдер де қолданылады. Басқа тілдерді қолданудың қажетті жағдайларына іс жүргізу әрекеттерін орындау және белгілі бір тілде шешімдер қабылдау сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайлар кіреді. Сондықтан, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу және қажет болған жағдайда басқа тілдерді қолдану түсініктерін теңестіріп қарауға болмайды. Құқықтық тұрғыдан сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу нормасы жоғары тұруы тиіс. Қазақстанда сот ісін жүргізу тілі – қазақ тілі деп нақты айту қажет. Қазақстан унитарлық (біртұтас) мемлекет. Ендеше, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу үшін ешқандай қысыр сөз, дау-дамай туындамауы керек. Жалпы, бұл мәселе Жоғарғы Сот тарапынан тұрақты бақылауда. Сондықтан, бірінші сатыдағы соттардың сот төрелігін жүзеге асырудағы қызметін бақылау сатысында істерді мемлекеттік тілде қарау барысы тексеріліп тұрады.

Сот актілерінің сауаттылығы туралы әртүрлі пікірлер бар. Мысалы, еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде тілдік орта еліміздің оңтүстік және батыс аймақтарынан басқаша. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында соттардың этникалық құрамы негізінен қазақ ұлтының өкілдері екенін ескеретін болсақ, олардың көпшілігі орыс тілінде сөйлейтіндері жасырын емес. Олар мұндай әрекеттерді мемлекеттік тілде сөйлегілері келмегендіктен емес, қазақ тілін жетік білмегендіктен жасауға мәжбүр.

«Арыз қай тілде түссе, сол тілде іс жүргізіледі», – деп ұрандатқан сот жүйесінде мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру үшін айтарлықтай шаралар қабылданып, көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, қазіргі таңда сот жүйесінде қазақ тілін үйрету мақсатымен тілдік курстар ашылып, судьялар және сот жүйесінің қызметкерлері кәсіби қазақ тілін үйренуде. Алайда, бүгінде мемлекеттік тілге 100 пайыз көшуге кедергі болатын басқа да мәселелерді жоққа шығаруға болмайды.

Демек, тіл мәселесі тек сот саласын ғана емес, барлық салаларды қамтыған кезде одан әрі дамып, өркендейтіні анық. Әрбір қазақстандық осы мақсатқа жетіп, өзінің азаматтық жауапкершілігін түсінген кезде, бұл өздігінен шешілетініне сенімдімін.

Райхан РАТОВА,
Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

КЕҢСЕ – СОТТЫҢ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан айрықша сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік, моральдық-этикалық бейнесіне ерекше талаптар қояды.

Мемлекеттік қызмет деген аты айтып тұрғандай елге ерінбей еңбек ету, халық үшін барын салып қызмет ету деген сөз. Мемлекеттік жүйені қалыптастырудағы басты бағыттардың бірі де осы мемлекеттік қызметкердің беделін көтеру, мемлекеттік қызметті нығайтумен өзектес.

Мемлекеттік қызметкер жан-жақты болуға тиіс. Ол ең алдымен психологияны меңгергені абзал. Өйткені, алдына келген адамның мінез-құлқына, ой-өрісіне көңіл-күйдің жетегінде кетпей бірқалыпты жауап қайтару шарт. Сонымен қатар тілдесу, түсіндіру, ашу-ызаға бой алдырмау, кешірімді болу мен еңбекқорлық – мәдениеттіліктің ерен үлгісі. Өз-өзіңді көпке сыйлата білудің өзі үлкен жетістік.

Осы ретте сот саласында еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлердің де жұмысы туралы айтып өткім келеді. Әрине, сот жұмысы тек қаулы шығарып, шешім мен үкім оқудан тұрмайды. Бұл құрылымның артында судьялардан бөлек қаншама маманның жанкешті жұмысы тұр. Судьялардың алаңсыз еңбегін, өлшеусіз қызметін кеңсе мамандарының тынымсыз тірлігінен бөліп қарауға болмайды. Сот ғимаратына келген азаматтарға жайлы жағдай жасап, күту залында қолайлы орта қалыптастыратын, сот отырыстарының дер кезінде басталып, ондағы қауіпсіздіктің сақталуына, тараптардың тоқ көңілмен кетуіне мүдделік танытатын кеңсе мамандарының жұмысын сырт көз байқай бермейді.

«Соттың айнасы – кеңсе» деген теңеу бекер айтылмаса керек. Яғни, кеңсе жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы қашанда сот төрелігіне халық сенімін одан әрі нығайтпақ.

Сондай-ақ, судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын маман ол – сот отырысының хатшысы. Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот отырысының хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жай ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтарымен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғары.

Сот отырысының хатшысы – сот жүйесіндегі маңызды буын. Олардың жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Сотта еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына байланысты сот саласына енгізілген көптеген жаңашылдықтар туралы айтар болсақ, қазіргі уақытта сот органдарында «Электронды үкімет» бағдарламасы шеңберінде электрондық іс жүргізу толықтай іске қосылған, оны сот органдарының «ТӨРЕЛІК» автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі қамтамасыз етеді.

Электронды сот қызметінің қоғам үшін аса маңызды екені карантин жағдайында анық байқалды. Қашықтан арыздар қабылданып, сот отырыстарының өтетін күні белгіленіп, әр отырыс онлайн жүргізіліп отырды. Осылайша, қоғамдағы қозғалыс тоқтамады.

Сонымен қатар, «Сот кабинеті» сервисі туралы да айтпай кетуге болмайды. Сот кабинетін пайдаланудың ерекшелігі сотқа жүгінген кезде анық байқалады. «Сот кабинеті» азаматтарға Қазақстанның кез келген жерінен талап арыз түсіруге мүмкіндік береді, осылайша уақыт пен сот шығындары үнемделеді, ең бастысы сот жүйесіне қолжетімділік артады, барлық әкімшілік кедергілер жойылады. Істер судьяларға арнайы жүйе арқылы бөлініп берілетіндіктен, ол жерде тамыр-таныстыққа да жол жоқ. Сондай-ақ, барлық сот актілері судьямен электронды санды қолтаңба қойылғаннан кейін бірден «Төрелік» ақпараттық орталықтандырылған жүйе арқылы «Сот кабинеті» сервисіне түседі. Әрбір сервисті пайдаланушы тарап өзіне қажетті сот актілерінің көшірмелерін сотқа келмей-ақ шығарып ала алады. Сервис күннен күнге жаңғырып, пайдаланушылар үшін оңтайландырылуда. Сот саласына заманауи технологиялардың енгізілуі мен қолданылуы сот жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығын толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Мемлекеттік қызмет саласындағы жүйелі іске асырылған осындай оң өзгерістер мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртып, Мемлекет басшысы ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қалыптастыру тұжырымдамасына сай кәсіби саланың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жалпы айтқанда, елдің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын дамытатын – мемлекеттік қызметші. Сондықтан, мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жолында барлық күш-қайратымызды жұмсап, абыроймен қызмет ету – мәртебелі, мерейлі міндет. Мемлекеттік қызмет саласындағы оң өзгерістерде әрбір мемлекеттік қызметшінің үлесі бар.

Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын сезінуі және патриот болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы мен жүріп-тұру ұстанымдары барлығына мәлім. Оның абыройы – мемлекеттік билік абыройының бір бөлігі. Халық нақты бір мемлекеттік қызметшінің және биліктің барлық тармағындағы мемлекеттік орган басшыларының жұмысын бағалай отырып, мемлекеттік билікке жалпылай баға береді. Бұдан мемлекеттік қызметшілерге қандай үлкен жауапкершілік артылғанын аңғаруға болады.

Мемлекеттік қызметші тек білімді ғана емес, жоғары моральдық жауапкершілік пен өз ісіне деген әділдік, адалдық, адамгершілік қағидаларын қатаң ұстанғанда ғана, елдің ертеңі нұрлы болмақ. Мемлекеттік қызметші болу – зор мәртебе, сондықтан мемлекеттік қызметші кәсіби біліктілікпен қатар, адамгершілік қасиеттерге де ие болуы тиіс.

Г.ЕСКАРАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ШАРА

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында «Кітапты шексіз оқу» атты мазмұнды шара өтті. Бұл жобаға Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімшілігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Өсербай Бекмұратов, Алматы қаласының Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкері Шарайна Құмарова, «Караван» газетінің тілшісі Олег Нильевич және ҚАЖД өкілі Шынар Хусайнова қатысып, әділқазылық етіп, кітап оқудан сынға түскен сотталғандарға әділ бағаларын берді.

ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Жазасын өтеушілер өздерінің оқыған кітаптарының мазмұнын қысқаша айтып, жазған эсселерін әділқазыларға өткізді. Жазасын өтеуші Артур Овсяников белгілі жазушылардың «Пиковая дама», «Мертвые души», «Ионыч» шығармаларының мазмұнын айтып, өзінің ойын жақсы жеткізе білді. Сонымен қатар А. Егизбаев өзі оқыған «Герой нашего времени». А.Хамидуллин «Маленький принц», А. Фабрикантов С.Есениннің – Забава, В.Маяковскийдің – Лидия өлеңін жатқа оқып, көрерменді өзінің ақындығымен таң қалдырды. Дулат Пазылханұлы болса Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабының мазмұнын айтып, мазмұнды эссесімен көпшілікті таң қалдырды.

Іс-шараның соңында әділқазылар барлық қатысушыларға жоғары баға берді. Жеңімпаз қатысушыларға арнайы мекеме бастығының бұйырығымен көтермелеу сыйлығы ұсынылды. Сондықтан әр бір қатысушы осы жоба арқылы кітапқа деген қызығушылығынан бөлек шығармашылықтарын да шыңдай түсті.

Басты мақсат – Кітапты оқыту арқылы жастарға ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге беру. Сондай-ақ, жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру болып табылады.

Е. ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «БухтармаТеплотранзит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 000740007180, өз еркімен таратылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына келесі мекенжай бойынша қабылданады: 070818, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Октябрь кенті, Шоссейная көшесі, ғимарат 4/1, тел. +7 72335 56309

4. «Дыңғызыл-2» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 170240026420, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: РҚ, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Жыланды ауылы, Құрманғазы көшесі, 1 үй, пошта индексі 060406

5. «Caspian Trading Invest» ЖШС, БСН 201040006736, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, 4-үй, 26 пәтер мекенжай бойынша қабылданады, тел.: 877756137000

6. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің «KAZWELDING» ассоциациясы түріндегі бірлестігі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 25-үй, 13-пәтер. Тел.: 87051234567.

7. «Амир-Болатбек-Темирлан-Тест (АБТ-Тест)» ЖШС, БСН 150640011333, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Атамбаев көшесі, 6-үй. Тел.: 87017559883.

ӘРТҮРЛІ

8. «Кредит Сервис Ломбард» өтеп алынбаған мүлікті (зергерлік бұйымдар, техника) сату бойынша сауда-саттықты жүргізеді.
Өткізу орны: Нұр-Сұлтан қ., А.Кравцов көш., 6
Өткізу күні: 01. 07. 2021
Сауда-саттықтың басталуы: 10:00
Анықтамалар үшін телефоны: +7 775 371 29 69
Лиц. 01.21.0009Л

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!
ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

БАНКРОТТЫҚ

2. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11.06.2021 ж. ұйғарымымен «Aykar group»(«Айкар групп») ЖШС.-н, БСН 140440020723, банкрот деп тану туралы іс өндіріске алынды.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.
Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престіж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

МҰНЫ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

ҚҰЖАТТАҒЫ ҚОЙЫРТПАҚ

АТА-ТЕГІМІЗДІ ҚАЛАЙ ЖАЗАМЫЗ?

Ұлттық құндылықтар туралы тақырыптарымыздың өзегінде не ары өтпей, не бері кетпей кептеліп тұрған жанды жараның бірі – тегіміздің таза қазақша жазылмауы.

Аты-жөнімізді құжат бойынша қазақшалау әлі күнге дейін бір ізге түспегені бәрімізді қынжылтады. Бір ізге қойылмаған істің берекесі болмайды. Біріздiлікпен жасалмаған жұмыстың басы бар да, аяғы – жоқ. Біріздiлікке түспеген тірліктің тірелетіні – тұңғиық, барар жері – құрдым. Біріздiлік жоқтықтың кесірінен жан-жағымызда берекесіздікке ұшырап жатқан ата-тек (фамилия) туралы жағдаяттар жиі кездеседі.

Төлқұжат пен туу туралы куәліктерде «-ов» пен «-ова» алып тасталынғанымен де, ол азаматтың әйел не ер екендігі туралы жынысы жөнінен шатасулар көптеп орын алуда.

Бірде, бір танысым маған «Үміт әкпе, мектеп жасындағы ұлым мен қызымның фамилиясына қайтадан «ов» пен «ованы» қостыруға мәжбүр болдым», – деді. Өзі ұлтын тым қатты сүйетін-ақ азамат еді, бұл сөзіне алғашында аңтарыла қарадым.

– Ұлымның бұзықтығын айтып жамандаған сайын аты мен атасының тегін күнде шатастыратын мұғалімдердің марқұм әкемнің рухына тіл тигізетіні жаныма өте батты. «Мұрат оңбайды. Мұрат бұзақы» дейді. Туу туралы куәлікте балам «Бақыт Мұрат». Мектеп журналында «Мұрат Бақыт» қып жазады екен. Сөйтіп, күнде әкемді «боқтатып», жаным қиналды, – деді ол әзіл-шыны аралас жүзін мұң көлегейлеп.

– Ал Қанат Мұрат атты қызымды ер бала екен деп қалады кейбіреулер»...

Менің өзім де әлеуметтік желідегі фейсбуктес Мерей Демеу деген досымның 1966 жылғы келіншек екенін кейін білгенімді айтып, әлгі бауырымды жұбатқан болдым. Оның алдында ол адамды ер азамат шығар деп қателесіп жүргенімді айтып, езу тарттырдым...

Расымен де, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында Шерхан Мұртазаев ағамыздың Шерхан Мұртаза болғанын, Қадыр Мырзалиев ақынның Қадыр Мырза-Әли болғанын қазақтанатын болдық, қазақтану басталды деп, қуана хош алдық. Өйткені, ол кісілер танымал жандар еді, есімі мен ататегі бүкіл елге былай да белгілі-тін. Орысша жұрнақтар алынса да, олардың аты қайсы, тегі қайсы екенін екінің бірі білетін.

Сондай-ақ, айталық, Марфуға Айтхожа, Гүлнар Салықбай ақындардың да есімін ешкім шатастырмайды. Марфуға, Гүлнәр деген есім қазақта тек қыздарға ғана тән ат.

Дәстүрімізде ұлға да, қызға да бірдей қойыла беретін Жанат, Ризат, Бақыт, Манат, Ақниет, Тұрсын, Жайлау, Сағадат, Сағыныш, Жұбаныш, Қуаныш, Бағлан, Мерей, Жеңіс, Мейрам, Баян, Айжан секілді көптеген есім, аттардың бар екенін ескерсек, әлгіндегідей шатастырулардың орын алуы да заңды.

Ал осы келеңсіздіктен шығудың жолы біздің елімізде «әлі қарастырылуда». Және ол әлі «қанша жыл қарастырылатыны» белгісіз.

Қазақтығымызды көрсеткіміз, ұлтжандылығымызды жан-тәніміз-бен танытқымыз келіп, біреуіміз «Үміт Битенұрпағы», біреуіміз «Үміт Дәулеткеліні», енді біріміз «Үміт Қыранәулеті», «Үміт Битентегі», «Үміт Қыранқызы» деп қол қойып, аты-жөнімізді қазақшалаған болып талпынып жүргенімізбен, қазіргі ресми құжат тәртібінен ары асып кете алмаймыз. Ал ресми құжаттың заң бойынша толтырылуы жоғарыдағыдай болғандықтан, енді бұдан ары қарай сын көтермейді.

Соғұрлым қазтерминком мен тіл ғылымының білгірлері «пайыз», «ұшақ», «тікұшақ», «қолтырауын», «қырыққабат», «жанұя», «бағдарлама», «тұғырнама», «бағдаршам», «қанатқақты жоба», «рәсім», «ресім», «доғарыстағы судья», «ынталандыру», «уәждеме» секілді талай аудармалар мен сөзжасамдарды дүниеге келтіріп, талай мағыналардың түсіндірмеге жақынынан жаңа сөздер жасап шығарды. Ол жоққа шығаруға болмайтын ерен еңбек. Кемістігі барларының тіл кеңістігінде ғұмыры ұзақ болмайды. Сәтті туылған сөзжасамдар сөздік қорға аса бай ана тіліміз бен ауызекі сөзімізге етене еніп, қабыса өмір сүріп те, қалыптасып кетті.

Сол сияқты, біздің ұлтымыз ататегімізден бірден аңғарылып тұруы үшін, ататегімізге міндетті түрде қою қаймақты қазақылығымыздың иісі шығып тұратын бірден-бір қосымша ойлап табуымыз қажет. Әрине, ойлап табу деген сөз аспаннан ала салып, ойдан шығара салу дегендік емес. Көп түкірсе – көл. Сөзжасам заңдылықтарына сүйене отырып туғызылған немесе ұсынылған қосымшалардың бірі болмаса бірінің фамилиямызға ұлттық реңк беруде бағы жанып кетсе, қанеки.

Осы турасында бір-екі пікірден тұратын өз ойымды ортаға салып отырмын.

Бұл жерде ататегімізді, айталық, «Үміт Қыранқызы» немесе «Ербол Дәулетұлы» деп екі-ақ атаудың тіркесінен тұратын етіп жазу жайлы ұсынысты жұрттың басым көпшілігі қолдай бермейтіндігін ескерейік.

Өз шежіресіне терең, байыппен қарайтын, кемінде жеті атасын жатқа біліп өсетін ұрпағы бар біздің қазақ нәрестенің төлқұжаты мен паспортына ең болмағанда атасы мен әкесінің аты қоса жазылғанын қалайды. Тектіліктің де бір ұшы осында жатыр.

Сонымен, менің ұсынатын нұсқам:
– ер азаматтардың ататегіне «-тегі» деген сөзді жалғау;

Бұл сөз қазір де ерлер не әйел баласы тарапынан ішінара қолданылып жүр. Алайда, жалпылама анықтауға келгенде, ол адамның жынысын ажырату жөнінен тағы да сол дағдару туындайды. Сондықтан, «-тегі» деген қосымшаны тұқым жалғастырушы ұрпақ ретінде еркек жыныстыларға ғана еншілеп бергеннен ұтылмас едік; – әйел азаматтардың ататегіне шығыс септік жалғауын жалғау немесе «кімдікі?» деген сауалға жауап беретін сөздің жұрнағын, қосымшасын жалғау;

Сонда мысалы, менің аты-жөнім «Үміт Қыранқызы Битеннен» болады, немесе, «Үміт Қыранқызы Битендікі». Ал інім «Арман Қыранұлы Битентегі» болады.

Сондай-ақ:

1. Жасұлан Ерболұлы Қамбатыртегі,

2. Жарқынай Ұланқызы Қамбатырдан немесе Жарқынай Ұланқызы Қамбатырдікі;

Немесе,

1. Ж.Қамбатыртегі;

2. Ж.Қамбатырдан, Ж.Қамбатырдікі.

Бірінші «Ж.Қамбатыртегі» дегендегі есім Жасұлан, екінші «Ж.Қамбатырдан» және «Ж.Қамбатырдікі» дегендегі есім Жарқынай. Яғни, бірінші ататек ер азаматтың ата тегі, екінші қатардағы ататек қыз баланың, әйел баласының, нәзік жыныстылар қауымының ататегі екені бірден түсінікті бола кетеді.

Біреулерге күлкілі, біреулерге қызық көрінер. Кейбіреулер бұл үлгімді жақтырмауы да мүмкін. Қанша адам болса сонша пікір. Қарсылығым жоқ.

Ендеше, өз ұсынысыңызды айтыңыз. Өйткені, қалайда «фамилиямызға» қосымша жалғанғаны жөн.

Үміт БИТЕНОВА,
ақын, ҚР Білім беру ісінің және ҚР Мәдениет саласының үздігі;
Талас аудандық мәслихат депутаты
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

МҰРА

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан ол азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Тіл елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйтқы, ұлттық бірліктің негізі.

БІРЛІК БАСТАУЫ, ҰЛТ ҰЙТҚЫСЫ

Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалатыны белгілі. «Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білуге болады.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Қазақстанның жастары мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше мемлекеттік органдарда, құқық қорғау органдарында, сот саласында жұмыс жасау мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің маңыздылығын насихаттаудың рөлі зор. Шалқар аудандық сотында барлық іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі үстем болып, ол мемлекетіміздің ең маңызды тірегіне айнала берсін.

Г. ЕСЖАНОВА,
Шалқар аудандық сотының бас маман
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ӘДЕП

АНТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ

Сот билігі – біртұтас мемлекеттік биліктің дербес тармағы, азаматтардың құқықтық мемлекетте өмір сүруінің кепілі болып табылады. Ол республика атынан жүзеге асырылады.

Қазақстанда жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі (стажы) бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтар судья бола алады. Судья қызметін алғаш рет атқарып отырған адам – ел алдында, халқының алдында, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруға, халықтың үмітін ақтауға, шешім қабылданғанда заң төрелігін басшылыққа алуға, әділ болуға ант қабылдайды. Судьялар қызметтік міндеттерін атқару кезінде тәуелсіз және заңға ғана бағынады. Судьялардың құқына қолсұғылмаушылық Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі «ҚР сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда көрсетілген негіздемелер бойынша ғана тоқтатылады. Судья сот әділдігін іске асыру кезінде Конституция мен Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті, судьялық этика (әдеп) талаптарын сақтауға тиіс, заңсыз араласуға жол бермеуі керек.

Жұртшылық тарапынан болып тұратын тұрақты назар судьяға өзіне бірқатар шектеулер қою міндетін жүктейді. Судья лауазымы осы міндетті атқаратын адамға ғана емес, сонымен қоса оның отбасы мүшелеріне де шектеулер белгілейді. Себебі, судья қызметтік жағдайын өзінің жеке мүдделеріне, отбасы мүшелерінің және басқа да адамдардың мүдделеріне пайдаланбауы тиіс.

Судьялардың жалпы жүріс-тұрыс қағидаттары Судьялық Әдеп кодексінде белгіленген.

Өкінішке орай еліміздің әр өңірінде пара алу фактілері орын алды. Өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамай, берген антын бұзып, судья атағына кір келтіргендер аз емес. Бұл тұрғыда Парламентке бірнеше заң нормалары ұсынылып, нәтижесінде білікті, жалпыға ортақ әдеп стандарттарына сай, адами тұрғыда өздерін жақсы жағынан көрсетуге мүмкіндік беретін, кәсіби мамандарды даярлау орталығы ретінде ҚР Жоғарғы Сотының жанында Сот төрелігі академиясы ашылып, бүгінгі күні осы академия түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде судья лауазымына тағайындалып, қызметтерін атқарып келеді. Кез келген жүйе сауығу үшін, жандану үшін әлбетте уақыт қажет. Сол секілді сот билігі де алдағы уақытта көптеген реформалардан өтіп, заманауи уақыт талабына сай өзгертулерге ұшырап, бастамалар жемісін беретініне кәміл сенемін.

С.ДАУЛЕТКАЗИН,
Темір аудандық сотының сот приставы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №84 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31